«ҮЙ МАҢЫ ДӘРІГЕРІ» ҮЙЛЕСІМДІ МЕ?

5-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ

ҰЛЫҢЫЗ ӘСКЕРГЕ ДАЙЫН БА?

8-БЕТ | ҚҰҚЫҚ

КҮЛӘШТІҢ ӘНДЕРІН ҚАМТЫДЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ұлттық қордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылады. Бұл – өте өзекті мәселе. Қордың қаражатын аса қажет инфрақұрылымды дамытуға және еліміз үшін маңызы зор жобаларды қаржыландыруға жұмсаймыз. Мемлекеттік органдардың игерілмеген қаражатты келесі жылға қалдыруына мүмкіндік беру керек. Сол арқылы олар ақшаны бюджетке қайтарудың тиімсіз тәртібінен құтылады. Сонымен бірге, бюджетке қатысты тәуекелдерді басқару жүйесін іске қосу керек. Бұл жүйе квазимемлекеттік секторды да қамтуға тиіс.

№111
(4389)
Сейсенбі
20 қыркүйек
2022 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

АРМЫСЫҢ, АСТАНА!

Мемлекет басшысының Жарлығымен елорда атауы қайтадан Астана атанды. Бұл - халықтың өтініші мен тілегінен туындаған шешім болды.

Ежелден Ақмола болған, заманның ағымына қарай Целиноград, тәуелсіздік алған тұста қайтадан Ақмола аталған, елордасы ауысқанда Астана атанған, үш жыл бұрын Нұр-Сұлтан атауын иеленген бүгінгі бас қаламыз қайтадан екінші мәрте Астана болды.

Отанымыздың жүрегіне, Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған елордамыз – Астана, енді есімің де, мерейің де ұзағынан болғай!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының елордасы – Нұр-Сұлтан қаласының атауын Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы деп өзгерту туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының елордасы – Нұр-Сұлтан қаласының атауы Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы деп өзгертілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда,
2022 жылғы 17 қыркүйек

АЙНАЛАҢ ТАЗА БОЛСА – КӨҢІЛ ЖАРҚЫН

Елордада 17 қыркүйек пен 15 қазан аралығында жыл сайынғы қысқы кезеңге дайындық және жасыл желектерді отырғызу бойынша «Бірге таза Қазақстан» жалпықалалық күзгі экологиялық айлығы өтуде. Сонымен қатар «Дүниежүзілік тазалық күні – World Cleanup Day 2022» экологиялық акциясы аясында өткен сенбіде елордада жалпықалалық сенбілік өтіп, оған қатысқан мемлекеттік мекемелер қызметкерлері мен қала тұрғындары тал отырғызу, тазалау жұмыстарын жүргізді.

4

65 000
АДАМ СЕНБІЛІККЕ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСТЫ

33 024
КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАР ҚАТЫСТЫ

Астана төрінде Халықаралық шахмат федерациясының Гран-при турнирі өтіп жатыр.

ФИДЕ дәстүрлі Гран-при турнирінің бірінші кезеңін Қазақстан астанасында өткізу жөнінде шешім қабылдаған болатын. Астанадағы байрақты бәсекеге әлемдегі ең үздік 12 әйел шахматшы таңдалды.

Гран-при турнирде Қазақстан намысын Бибісара Асаубаева мен Жансая Әбдімәлік қорғауда.

Матчтар күн сайын «Астана» Халықаралық қаржы орталығы ғимаратында, 15:00-де басталады. Турнир 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Жарыстың жүлде қоры – 80 000 еуро. Бірінші орын алған шахматшы 15 мың еуро алады.

Әлеуметтік кодекс жобасында зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жаңа шаралар кешені қарастырылды.

Соның бірі – 2023-2027 жылдар аралығында жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын кезең-кезеңімен енгізу болып отыр.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, бұл жаңалық лайықты демалысқа шыққан азаматтарға жинақталған жүйеден қосымша зейнетақы төлемдерін алуға мүмкіндік береді деп түсіндіреді.

Бүгін Астанада бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылады.

Жұмыс берушілер ұсынған кезекті бос жұмыс орындары жәрмеңкесі «Жастар» сарайында сағат 14.00-ден 17.00-ге дейін өтеді.

Жәрмеңкеде 50-ден аса кәсіпорындар мен мекемелер бос жұмыс орындарын ұсынады.

Жәрмеңкенің өтетін мекенжайы: Астана қаласы, Республика даңғылы, 34.

№111 (4389) 20/09/2022 Сейсенбі

ПРЕЗИДЕНТ ЖАҺАНДЫҚ САММИТКЕ ҚАТЫСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-сессиясына қатысу үшін Нью-Йоркке жұмыс сапарымен барды. Президенттің жұмыс кестесі туралы Telegram-дағы арнасы былай деп жазды:

Мемлекет басшысы алдымен JPMorgan Chase & Co, Citi, Goldman Sachs, NASDAQ секілді жаһандық қаржы институттарының басшыларымен кездесу өткізеді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Boeing, ExxonMobil, General Electrics, Wabtec, Microsoft сияқты трансұлттық компаниялардың жетекшілерімен, сондай-ақ сарапшылар тобының өкілдерімен кездеседі.

20 қыркүйекте Президент БҰҰ Бас Ассамблеясының Жалпы дебатында сөз сөйлейді. Бұдан бөлек, БҰҰ Бас хатшысымен, Еуропалық Одақ басшылығымен және бірқатар мемлекет басшыларымен олардың өтініші бойынша кездесулер өткізу жоспарланып отыр. Қасым-Жомарт Тоқаев Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі жаһандық саммитке де қатысады.

ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА 30 ТЕЛЕАРНАНЫ ТАМАШАЛАЙМЫЗ

Бүгінде «Қазақстан Республикасында цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуды енгізу және дамыту» жобасын іске асыру шеңберінде ел халқын 92,43% қамтуға қол жеткізе отырып, 561 радиотелевизиялық станция пайдалануға берілді. Бұл туралы Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты хабарлады.

Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату жобасы барлық тұрғындарды ақысыз негізде жерүсті цифрлық телехабар тарату қызметіне тең құқылы қол жеткізумен қамтамасыз ету мақсатында іске асырылады. ЦЭТВ енгізілгеннен кейін облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалалардың халқы 30, облыс орталығынан төмен елді мекен тұрғындары – 15 телеарнаға дейін дейін цифрлық форматта көре алады.

ЦЭТВ қызметіне қатысты сұрақтар туындаған жағдайда «Қазтелерадио» АҚ www.tsetv.kz сайтынан ақпарат алуға болады немесе 8-8000-800-193 (ұялы телефоннан қоңырау шалғанда тегін) және 193 (стационарлық телефоннан қоңырау шалғанда тегін) нөмірлері бойынша Call-орталыққа, сондай-ақ «Қазтелерадио» АҚ филиалының аймақтық сату орталығына хабарласуға болады.

ДӘРІГЕР ҚАТЕЛІГІ ҮШІН НАУҚАСҚА ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕНЕДІ

Дәрігердің кінәсінен адам денсаулығына зиян келген жағдайда өтемақы төлеу ескерілген. Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният медицина қызметкерлері кәсіби жауапкершілігінің сақтандыру жүйесін енгізу аясында қарастырылған тетіктерді түсіндіріп берді.

«Бұл бағытта ұсыныс қарастырып, оны әлі де пысықтаймыз. Халықаралық тәжірибеге тоқталсақ, бірқатар елде сақтандыру компаниялары науқас өз еміне жұмсаған қаражатын, қандай шығын келтірілгенін анықтайды» деді А.Ғиният Мәжілісте заң жобасын таныстырғаннан кейін журналистерге берген жауабында. Оның айтуынша, бұл мәселені сақтандыру компаниялары шешеді.

Министр медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесі көлік саласындағы міндетті сақтандыруға ұқсас жүргізілетінін айтты. Яғни, науқастың өміріне немесе денсаулығына зиян келсе, тиісті төлем қарастырылмақ:

– өлім – 1000 айлық есептік көрсеткіш;

– бірінші топтағы мүгедектік белгіленгенде – 800 АЕК, екінші топ – 600 АЕК, үшінші топ – 500 АЕК.

– мертігуге, жарақаттануға алып келген жағдайда, яғни пациенттің амбулаториялық немесе стационарлық емделуіне шығындары болса – 300 АЕК.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонға көңіл айту жеделхатын жолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонға және тәжік халқына барша қазақстандықтардың және жеке өзінің атынан тәжік-қырғыз шекарасында болған қайғылы оқиға салдарынан көптеген жауынгер мен бейбіт тұрғындардың қаза табуына байланысты көңіл айтты.

– Біз бауырлас және достас мемлекеттердегі бұл қайғылы оқиға бізді қатты алаңдатады. Қазақстан аймақтағы кез келген даулы мәселені тек бейбіт жолмен және саяси дипломатиялық әдістермен шешуді жақтайды, – делінген жеделхатта.

Қазақстан Президенті қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтып, зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстанның Президенті Садыр Жапаровқа және қырғыз халқына барша қазақстандықтардың және жеке өзінің атынан қырғыз-тәжік шекарасында болған қайғылы оқиға салдарынан көптеген жауынгер мен бейбіт тұрғындардың қаза табуына байланысты көңіл айтты.

– Берік достық және тату көршілік қатынастарды сақтау – біздің ортақ әрі маңызды міндетіміз, сондай-ақ өңірдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі, бейбіт өмір құру жолындағы Орталық Азиядағы барша бауырлас халықтың түбегейлі мүддесі. Қазақстан кез келген даулы мәселені тек қана бейбіт жолмен және саяси дипломатиялық әдістермен шешуді жақтайды, – делінген жеделхатта.

Қазақстан Президенті қырғыз халқына мықты рух, бейбітшілік және бақ-береке тіледі.

ӘКІМШІЛІК ЖҮКТЕМЕ ТӨМЕНДЕЙДІ

Премьер-министр Әлихан Смайылов Қостанай облысына жұмыс сапары аясында елдегі ірі сүт өңдеу кәсіпорындарының бірі – «МИЛХ» ЖШС барды. Компания сүт өнімдерінің 120-дан астам түрін шығарып, оны ішкі нарыққа және Ресей Федерациясының аймақтарына экспортқа жөнелтеді. Алдағы уақытта кәсіпорын Қытай нарығына шығуды жоспарлап отыр.

Компания зауыттарында заманауи жоғары технологиялық жабдықтар орнатылған. 2023 жылы неміс серіктесінің қолдауымен ірімшіктер шығаратын жаңа өндірістік кешен іске қосылады.

Премьер-министр агроөнеркәсіп кешеніндегі басты міндеттердің бірі - ауыл шаруашылығының өңделген бәсекеге қабілетті өнімдерін, атап айтқанда, сүт өнімдерін өндіру көлемін арттыру екенін атап өтті. «Өзімізді толық қамтамасыз етіп, шетелдік нарықтарға шығуымыз керек. Бұл бағытта үлкен әлеуетіміз бар» деді Әлихан Смайылов. Сонымен қатар Премьер-министр кәсіпорында өңірдің ауыл шаруашылығы өндірушілерімен кездесу өткізді, онда агроөнімдерді қайта өңдеу және экспорттау, жұмыс орындарын құру, субсидиялау, жеңілдікті несие беру, суару, жем-шөп дайындау және т.б. мәселелер талқыланды.

Әлихан Смайылов мемлекет өндірушілерді қолдауды кезең-кезеңімен, оның ішінде субсидиялау және кредиттік ресурстардың қолжетімділігін арттыру арқылы кеңейтуді жалғастыратынын атап өтті. «Биыл ауыл шаруашылығын қаржыландыру көлемі 2 есеге артты. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік саланы нығайту тұрғысынан аса маңызды. Біз жұмсалған әрбір теңгенің өнімділігі мен тиімділігін арттыруға ниеттіміз» деді ол.

«ОТАУ» ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласының әкімі Алтай Көлгінов «Отау» шағын ауданының тұрғындарымен кездесті. Жүздесуде тұрғындар бірқатар өзекті проблеманы көтерді.

«Кеше экоайлық аясында «Бірге таза Қазақстан» және «Дүниежүзілік тазалық күні» атты бүкіләлемдік экоакциясы бойынша жалпықалалық сенбілік басталды. «Отау» шағын ауданының тұрғындарымен бірге ағаш отырғыздық. «Отауда» (Алматы ауданы, Метро жағы) жеңілдетілген қолжетімді тұрғын үй шағын ауданын салдық. Енді шағын ауданды одан әрі дамыту бойынша атқарылар жұмыстар көп.

Кездесуде қала тұрғындары бірқатар проблеманы көтерді. Олардың арасында әлеуметтік нысандар құрылысы (мектептер, балабақшалар, емханалар және т.б.), ауданды абаттандыру (аула аумақтары), қосымша автобус маршруттарын іске қосу, жылы аялдамалар орнату, жол салу және жөндеу, интернет сапасын жақсарту, құрылыс компаниясы тарапынан кеткен кемшілікті қалпына келтіру, сол сияқты кәріз жұмысы, сауда азық-түлік дүкенін ашу және т.б. мәселелер болды. Мәселен, шағын ауданда екі мектеп салу жоспарланды. Өздеріңіз білетіндей, қазір ірі мектептердің құрылысына көшіп жатырмыз. Осылайша бір мектеп 4 мың оқушыға (2 ауысымда) арналады. Қазір жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу жұмысы жүріп жатыр. Сонымен қатар, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасында балабақша құрылысы қарастырылды. Бұдан бөлек, гипермаркет құрылысына да арналған жер телімі бар. Бұл мәселелер бойынша тиісті жұмыстар қолға алынды: бірқатарын қысқа мерзімде шешеміз, ал жүйелі мәселелер көбірек уақыт қажет етеді. Осы бағыттағы жұмыстарды орындау кестесін құрамыз» деп түсіндірді қала басшысы.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қытай ғалымдары айдан әкелінген топырақтан жаңа минерал тапты.

Оның үлгілерін жерге «Чанъэ-5» кемесі жеткізген. «Рейтер» агенттігінің хабарлауынша, қазбаның бағаналы кристалл екені анықталған. Мамандардың сөзінше, бұл айда жанартау атылғанын көрсетуі мүмкін. Енді біздің планетамызды зерттеудің жаңа жолдары пайда болмақ. Естеріңізге сала кетейік, «Чанъэ-5» айға 2020 жылдың соңында қонған. Ол жақтан кеме екі мың грамм топырақ жинап алып келген.

Қырғызстан өз шекарасын Түрік дрондарының көмегімен қорғауға ниетті.

Өткен жылы айыр қалпақты ағайындар ұшқышсыз басқарылатын бірнеше ұшақ сатып алған болатын. Енді соларға арналған база салынғаннан кейін дрондар әскери кезекшілікке қолданылмақ. Өткен жылы ел тарихында алғаш рет шекара қызметіне ұшқышсыз басқарылатын ұшақтар сатып алынды. Қазір екпінді дрондарды басқаруға дайын мамандар бар. Сол үшін арнайы база салынбақ.

Әлемде алғаш рет ет жарнамасына тыйым салынды.

Нидерланды мемлекетінің Харлем қаласы ет жарнамасына тыйым салды. Жергілікті билік өкілдерінің пайымдауынша, осы заңның көмегімен мал шаруашылығының климатқа әсерін төмендетуге болады. Заң 2024 жылдан бастап күшіне енеді. Жарнама қоғамдық орындарда, экран беттерінде жарияланбайды. Харлем қаласы билігінің айтуынша, мал жейтін жемді өсіру үшін тыңайтқыш керек, ал бұл топырақ пен суды ластайды.

№111 (4389) 20/09/2022 Сейсенбі

ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ ЖӘРМЕҢКЕДЕ КӨРІНДІ

Елордада аймақтық ауылшаруашылық жәрмеңкелер маусымы жалғасуда. Дәстүрге сай өткен сенбі, жексенбі күні Жетісу мен Алматы облысының тауар өндірушілері өз өнімдерін ұсынды.

Қос облыстың ауыл шаруашылығы өндірушілері өз өнімін делдалсыз тікелей сатып, соның салдарынан өнім бағасы нарықтық бағадан 10-20 пайызға төмен болды.

«Астана Арена» стадионының жанында таңғы сағат 9.00-де басталған жәрмеңке алаңында жұрттың қарасы қалың болып, сауда қыза түсті.

Оңтүстіктегі еңбеккерлер 84 тонна көкөніс, 62 тонна жеміс-жидек, 48,7 тонна картоп, 41,5 тонна ет, 9 тоннадан астам сүт өнімдері, 8 тонна балық, 500 келі бал, сондай-ақ осы облыстарда өндірілетін 189 тонна өзге де өнімді әкеліпті.

Жалпы, жәрмеңкеге Жетісу мен Алматы облысынан барлығы 500 тоннаға жуық өнім жеткізілді.

«Өткенде қызылордалықтардан балық алған едім. Бұл жолы Жетісудің балығын алдым. Одан бөлек, Алатаудың топырағынан нәр алған картобын саудаладым» деді қала тұрғыны Жанар Таңатарова.

Егер елордада жидек теру маусымы аяқталған болса, бұл жәрмеңкеден жаңа піскен құлпынай мен таңқурай сатып ала аласыз. Кейбір орындарда ұзын-сонар кезек болып: Алматының брэндіне айналған апорт алмасы, қызанақ, бұрыш үлкен сұранысқа ие болды, ал картоп, пияз, сарымсақ және сәбізді қап-қаптап әкетіп жатқандар көп болды.

Сондай-ақ жаңа, табиғи өнімдер де назардан тыс қалмады: қолдың сүзбесі, қаймақ, қымыз, май және т.б. Сатушылар таразының дұрыстығына күмәнданар болса, жәрмеңке аумағында тексеруге болатын таразы қойылды.

Естеріңізге сала кететіні, 24-25 қыркүйекте Батыс Қазақстан және Атырау облысы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылады.

ЗАҢГЕРЛЕР ТЕГІН КӨМЕК КӨРСЕТТІ

Жақында Астана қаласының «Конгресс холл» концерт залында республикалық «Халық заңгері» акциясы өтті.

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

«Параграф» ақпараттық-анықтамалық жүйесі мен Қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті бірлесіп ұйымдастырған іс-шараға елімізге кеңінен танымал заңгерлер мен адвокаттар қатысты.

Бұл күндері белсенді топ құрамында заң ғылымдарының докторы, Астана қаласы кәсіпкерлік, заң және құқық тәртібі қоғамдық кеңесі комиссиясының төрағасы, профессор Есберген Алауханов, заң ғылымдарының кандидаты, адвокат Айгүл Исмағұлова, «Куратор» заң палатасының заңгер-кеңесшісі Әсемгүл Доскенова және тағы басқа адамдар халыққа тегін заңдық көмек көрсетті.

Заң кеңесшілері палатасының төрағасы Әнуарбек Ысқақовтың айтуынша, елордадағы акция кезінде заңгерлерге негізінен әлеуметтік тұрғыда көбірек сауал қойылды. Әсіресе, алимент төлеуге, жол-көлік оқиғасы кезіндегі шығынды өтеуге байланысты сұрақтар легі мол болған.

Осы күні орта есеппен үш жүзден аса адам заңгерлер көмегіне жүгініпті. Мәселен, елорда тұрғындары Жұлдыз Оспанова сотқа талап-арызды сауатты жазу жөнінде көмек сұраса, Ермек Құспан өзіндегі жылжымайтын мүлікті қалай заңдастыру жолдары туралы кеңес алды.

– Біз бұрын ақша төлеп адвокаттарға жүгініп жүрдік. Бірақ олардың берген кеңестерінен мәселеміз көп шешіле қойған жоқ. Ал мұндағы мамандар тегін көмек көрсетіп, жан-жақты кеңес береді. Енді алдағы уақытта осы заңгерлермен ақылдаса отырып жұмыс істейтін боламыз, – дейді олар.

Бүкіл ел бойынша бір мезгілде «Халық заңгері» акциясын өткізіп отырған Қазақстан тұңғыш мемлекет көрінеді. Жоба алдағы уақытта да одан әрі жалғасын таппақ.

ҚҰСТАР – ТАБИҒАТТЫҢ КӨРКІ

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы «Астана орманы» ЖШС, «Астана Ветсервис» ПВХ-дағы МКК және Ақмола облыстық Орман және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясымен бірлесіп, елорданың жасыл белдеуіне 550 қырғауыл жіберді.

Бұған дейін жасыл белдеу аумағында 850 бас қырғауыл босатылған еді. Табиғи балансты сақтап, экожүйені дамуына септігі тиетін құстар зиянды жәндіктерді жоятын орман санитары болып табылады.

Яғни қырғауылдар зиянкестердің тез көбеюін алдын алып, орманда қауіпті жәндіктердің пайда болуына жол бермейді. Егер осы мақсатта қолданылатын химиялық күрес әдістерін өрт сөндіру тобының әрекетімен салыстыруға болатын болса, онда ормандағы құстардың қызметі өрттің пайда болуына жол бермейтін өртке қарсы инспекцияның міндеттеріне сәйкес келеді.

Зиянды жәндіктерді орман құстарының барлығы дерлік, соның ішінде қырғауылдар да жейді. Сондай-ақ орман құстарының тұқым мен жемістердің таралуындағы рөлін атап өту керек.

Бұл орманның табиғи жаңаруы мен өсіп-өнуі үшін өте маңызды. Орман құстарының эстетикалық маңыздылығын бағаламауға болмайды. Олар ежелден адамдардың назарын аударып, халықтың ерекше сүйіспеншілігіне бөленді.

Шығарылған қырғауылды «Астана орманы» ЖШС орманшыларының күшімен үнемі бақылау жүргізу, ал қажет болған жағдайда қысқы уақытта қосымша азықтандыру жоспарланып отыр.

Израильде ай құдайы бейнеленген сирек кездесетін Рим монетасы табылды.

Бұл монета 1850 жыл бұрын Александрияда, Император Антонин Пиустың кезінде соғылған. Қола монета жақсы сақталған. Монетаның жақсы сақталғанына байланысты мамандар оның нақты шығарылған жылын біле алды. Табылған затта «Сегізінші жыл» деп жазылған, бұл Антониннің сегізінші жылын білдіреді (б.з.д. 138-161). Сондай-ақ монетада қатерлі ісік зодиак белгісінің символы және ай құдайының бейнесі бейнеленген.

Еуропадағы ең қуатты, әлемдегі ең қуатты үшінші суперкомпьютер Финляндияда іске қосылуға дайындалып жатыр.

LUMI электронды компьютерін он елдің ғалымдары жасаған. Жоба 144,5 млн еуроға бағаланып отыр. Әзірлеушілер LUMI секундына 375 петафлоптан аса немесе 375 млн-нан аса есептеулерді орындауға қабілетті екенін айтады. Ол ғылымда, мысалы, медициналық және климаттық зерттеулерде, сондай-ақ онкологиялық ауруларды диагностикалау саласында жаңалықтар жасау үшін қолданылады.

Астана қаласы тұрғындарының және қалалық мәслихаттың жетінші сайланымының депутаттарының назарына!

2022 жылғы 30 қыркүйекте сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихатының жетінші сайланымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Құқық қорғау органдарының азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысының жай-күйі туралы.
2. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.
3. Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласын басқару тәсілі туралы.
4. Астана қаласы әкімдігінің дербес құрамын құру туралы.
5. Астана қаласында үй жануарларын ұстау және серуендету қағидалары туралы.
6. Астана қаласында жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидалары туралы.
7. Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы.
8. Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы.
9. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.
10. «Нұр-Сұлтан қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 16 шілдедегі №66/9-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы.
11. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамы туралы.
12. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның құрамы туралы.
13. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 маусымдағы №207/27-VII «Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссиясының құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы».
14. «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 16 наурыздағы №149/22-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
15. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жер комиссиясының құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №424/54-VI шешіміне келесі өзгерістер енгізу туралы.
16. «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жетінші сайланымның тұрақты комиссияларының құрамын сайлау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 қаңтардағы №4/1-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
17. «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жетінші сайланымның тұрақты комиссияларын құру туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 қаңтардағы №3/1-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
18. Қалалық мәслихаттың сессияларында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалу барысы туралы.
19. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясына қарауға енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

Астана қаласы мәслихатының хатшысы Е.КАНАЛИМОВ

Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36

КІРІС КӨЗІНІҢ ДЕҢГЕЙІ

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, 8 айда мемлекеттік бюджетке салық түсімдері бойынша жоспар 104,5 пайыз орындалды. Жоспар бойынша 9228,2 млрд теңге, 412,7 млрд теңгеге асыра орындаумен 9640,9 млрд теңге түсті.

2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,4 есе немесе 2836,0 млрд теңгеге өсім бар. 2022 жылы 8 айда өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда негізгі экспорттық позицияларға, оның ішінде мұнайға 60,3 пайыз, мырышқа 29,5 пайыз, алюминийге 25,3 пайыз, қорғасынға 2,7 пайыз, алтын 2,1 пайыз және мысқа 0,9 пайыз бағаның өсуі байқалады.

2022 жылғы 8 айда ЭШФ деректері бойынша ойын-сауық және демалыс 46,4 пайызға, кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу 35,9 пайызға, өзге де қызмет түрлерін ұсыну 34,1 пайызға, ауыл, орман және балық шаруашылығы 30,4 пайызға және ақпарат және байланыс 29,6 пайызға өсті.

БАҒА НАРҚЫ ҚАНДАЙ?

19.09.2022 ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

	«Астаналық» базар	«Әлем» базары	«Шапағат» базары	Көк базар (Шанхай)
Бірінші сортты бидай ұны	480	517	425	400
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	140	95	140	150
Макарон өнімдері	220	235	410	400
Қарақұмық жармасы	760	520	620	500
Тазартылған күріш	580	465	460	450
Картоп	160	180	125	150
Сәбіз	200	120	115	150
Пияз	200	150	110	150
Қырыққабат	180	80	95	180
Қант	620	1200	590	600
Күнбағыс майы	1100	1150	1000	1200
Сиыр еті	2750	2800	2200	2400
Тауық еті	1650	1605	1565	1500
Пастерленген сүт	440	305	350	500
Айран	450	425	460	550
Сары май	4500	4500	3500	4000
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	520	490	500	450
Ас тұзы	90	70	80	90
Сүзбе	900	1300	1000	950

№111 (4389) 20/09/2022 Сейсенбі

ХАЛЫҚТЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛДІ

Елордада қала тұрғындарымен кездесу жалғасуда. Бас шаһардың аудандық әкімдіктері басқармалармен бірлесіп «Sport City», «Зам Зам», «Хайвил» және т.б. тұрғын үй кешенінің тұрғындарымен бірқатар мәселені талқылады. Кездесуде тұрғын үй кешенінің орнына әлеуметтік нысандар мен қоғамдық кеңістіктер: сквелер, бульварлар, аулалар салынатыны белгілі болды.

Мәселен, «Sport City» тұрғын үй кешенінің (ТК) тұрғындары әкімдікке жақын маңдағы аумақта ТК құрылысын тоқтату мәселелері бойынша жүгінген-ді. Осылайша, «Sport City» және «Әсем тас-2» тұрғын үй кешенінің арасындағы жер телімінде сквердің құрылысы жүргізіледі. Сол ауданда 2400 орындық мектеп (2 ауысымда) салынуда. Қаланың бас жоспарында медициналық орталықты орналастыруға арналған учаске бар («Хайвил Парк-1» артында орналасқан).

«Хайвил» ТК тұрғындарының өтінішіне қатысты А.Байтұрсынов көшесі, 7 (Хайвил ТК) жер учаскесінде, бұрын айтылғандай, ТК орнына мектеп салынатын болады. Бұдан басқа, Р.Қошқарбаев даңғылы мен Ақыртас көшесі қиылысы маңында «Хайвил» ТК қарама-қарсы оқушы орындарының тапшылығын азайту мақсатында тағы бір білім беретін мектеп салынады.

«Зам-Зам» ТК тұрғындарының өтініші бойынша тұрғын үй кешенінің жанында 4 мың оқушыға арналған (2 ауысымда) мектеп салынуда. Сондай-ақ А.Бектұров (бұрынғы атауы №49), Төле би (бұрынғы атауы №51), №69 көшесін, мектепке кіреберіс жолдарын салу жұмысы жүргізілуде. Келесі жылы осы ауданда сквердің құрылысы басталады.

К.Күмісбеков көшесі, 9 мекенжайы бойынша 21 қабатты тұрғын үй кешені мен паркингтің орнына қоғамдық кеңістік пен сквер салынады.

Демалу және серуендеу үшін қоғамдық кеңістік (сквер) құру бойынша ұқсас жоспар Мәңгілік ел даңғылының жанындағы Есіл ауданындағы №9 емхана мен №77 мектеп-гимназия арасындағы учаскеде жүзеге асырылады.

Бұдан бөлек М.Горький-Косыгин-Челюскинцев-Ишимская көшесінің квадратында ТК орнына сквер салынады.

Елорданың желілік паркінде тұрғын үй кешенінің құрылысы тоқтатып, саябақты абаттандыру жұмысы жалғасуда.

Қабанбай батыр даңғылындағы Керей-Жәнібек хандар және Орынбор көшесінің арасындағы жер телімінде қала тұрғындарымен өткен кездесуде айтылғандай, медициналық орталық салынады.

Аталған жобалар бойынша егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізілді.

АЙНАЛАҢ ТАЗА БОЛСА...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Акцияның мақсаты – қоғам назарын табиғатты сақтаудың маңыздылығына аудару және экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Айлық шеңберінде өтетін сенбіліктерде коммуналдық қызметтер және мердігерлік ұйымдар қоғамдық аумақтарды көгалдандыру және абаттандыру, саябақтар, сквелер, аллеяларды жөндеу және қалпына келтіру, кварталішілік абаттандыру, балалардың ойын және спорт алаңдарын жабдықтау, төселген тастарды, жиектастарды, шағын сәулет нысандарын қалпына келтіру, көпірлер мен жол өтпелерінің құрылымдарын, қоршауларын жуу, аялдамалардағы павильондарды жөндеу және тазалау, контейнер алаңдары мен қоқыс контейнерлерін санитарлық тазалау жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар, экологиялық айлық аясында 10 мыңнан аса жасыл желек отырғызу жоспарланған.

Сенбіде басталған күзгі сенбілік айлығында Кіші Талдыкөл айналасына 500 түп ағаш отырғызылды. Мұндағы жұмыстарды Астана қалалық қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы ұйымдастырды. Қоғамдық жұмысқа әлеуметтік сала қызметкерлері, студенттер мен еріктілер және оқушылар да қатысты.

– Бүгін міне, бүкіл әлемде Халықаралық тазалық күні өтіп жатыр. Соған қоса 15 қыркүйектен бастап қаламызда Экологиялық айлық басталды. Соның аясында әр сенбі сайын қаланың барлық жерінде сенбіліктер өтеді. Ал біздің басқарма бүгін осы кіші Талдыкөл су қоймасының айналасына 500-ден астам тал отырғызады. Жоспарымызда 2000 талға дейін отырғызу бар, – деді аталған басқарма басшысының орынбасары Жанар Бескемпірова.

Сенбілік аясында «Мемлекеттік күзет қызметі» ардагерлер одағы» өңірлік ҚБ әскери патриоттық «Жас қалқан» клубының жастары да ағаш отырғызуға атсалысты. Клуб жетекшісі Бақберген Керейдің айтуынша, мұндай шаралардың балаларға патриоттық тәрбие беруде маңызы зор. Қоқыс сұрыптаумен айналысатын «Clean City NC» ЖШС қоғаммен байланыс қызметі бөлімінің басшысы Бақытжамал Әубәкірова балалар арасында экологиялық ойын өткізіп, сол арқылы қоқыстарды қалай сұрыптауды үйретті. Сонымен қатар олар белсенді жастарды Алғыс хаттар және экосөмкемен марапаттады.

Бұл күні Қаржы министрлігінің қызметкерлері Сарыарқа ауданындағы Ә.Кенжин көшесінен Тілендиев даңғылымен айналма жолдағы көпірге дейінгі аумақты тазалады.

– Жыл сайын әлем бойынша тазалық күні атап өтіледі. Біздің министрлік жалпықалалық сенбілікті назардан тыс қалдыра алмады. Бүгін осы жерде біздің бөлімшенің барлық қызметкерлері бар. Қоршаған орта бұл – біздің үлкен үйіміз және ол әрқашан таза болуы керек. Әр сенбі сайын бізге бекітілген аумақты тазалап шығуды жоспарлап отырмыз. Адамдар демалғанды ұнатады, содан кейін қоқысты тазартуды ұмытып кетеді. Мұндай іс-шаралар қоршаған ортаны құрметтеу, оған ұқыпты қарау қажеттігін айқын көрсетеді, – дейді мемлекеттік аудит комитетінің басқарма басшысы Балтабек Халық.

Демалыс күніне қарамастан, сенбілікке 20 мыңнан астам Алматы ауданының тұрғындары қатысты. Мемлекеттік қызметкерлер, шағын және орта бизнес өкілдері, әлеуметтік нысандар қызметкерлері өздеріне бекітілген жерді таза ұстау үшін барлық қажетті заттармен қамтылды. Белсенділер қоқысты жинап, адамдар көп жиналатын жерлерді тазалады. Жиналған қалдықтарды шығару үшін жүк машиналары тартылды.

– Бүгін күзгі сенбілік айлығы басталды. Біз оларға мектеп оқушылары мен студенттердің қатысқанын қалаймыз. Бүгінгі таңда экологиялық мәселе бірінші орында, сондықтан тазалықты сақтау және табиғатты қорғау маңызды. Қаланың көркеюіне әр адам үлес қоса алады, – деді Еуразия ұлттық университетінің қызметкері Әбдіқаһар Сламқұл.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушылары мен 90-нан аса студенттер Есіл өзенінің бір арнасы Ақбұлақтың жағалауын және сол маңдағы парктер мен демалыс аумақтарын тазалады. Байқоңыр ауданы әкімі аппаратының өкілі Арсен Абдрахмановтың сөзінше, студент жастардан бөлек, шағын және орта бизнес өкілдері, әлеуметтік сала қызметкерлері, өндіріс орындарының мамандары сенбілікке қатысты. Әр саналы азамат өзі тұратын қаланың, елді мекеннің таза, көрікті болуы үшін үлес қосуы керек. «Ауылына қарап, азаматын таны» деп осыдан айтылған емес пе?! Меніңше, біздің ауданның тұрғындары тазалық жұмысына белсенді қатысуда, – дейді мемлекеттік қызметкер.

Дайындаған
Райхан РАХМЕТОВА

«ҮЙ МАҢЫ ДӘРІГЕРІ» ЖҰМЫСЫ ҮЙЛЕСІМДІ МЕ?

Елорда халқының жылдан жылға қарқынды өсуі көптеген салаларда, әсіресе, денсаулық сақтау жүйесінде мәселелерді көбейтті. Соның ішінде бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсететін емханалар жетіспей бастады. Билік тарапынан осы мәселені шешу үшін қолға алынған шаралардың бірі жаңадан пайда болған, халық көп шоғырланған аудандарда медициналық қызметті алысқа бармай жылдам алу үшін «Қадамдық қолжетімдік» принципіне сәйкес жүзеге асырылатын «Үй маңындағы дәрігер» жобасы болды.

Райхан РАХМЕТОВА

2018 жылы бастау алған жоба бірден ірі емханалар салу мүмкіндігінің жоқтығына байланысты көбіне жеке инвестиция тарту арқылы ашылды. Бірқатары қолданыстағы емханалардың базасында құрылды. Осылайша 2018-2021 жылдар аралығында 20 минуттық қадамдық қолжетімділікті қамтамасыз ететін осындай 40 нысан ашылып, 354 мың адам алғашқы медициналық көмекпен қамтылды. Соның 34-і жеке инвестиция тарту арқылы жұмысын бастады. Жетеуі қаланың шет аймағынан ашылды. Биыл осындай 10 нысан пайдалануға беру көзделген болса, екеуі бүгінде ашылып үлгерді. 2018 жылдың өзінде осы жобаның арқасында елорда бюджетінің 8 млрд теңгесін үнемдеуге мүмкіндік берді.

«Үйдегі дәрігер» жобасы – халық үшін өте қажет және өзекті, уақытты үнемдеу құқығын беретінін жоба болғанмен олардың кейбірі көрсеткіштерді, бағдарлама индикаторларын орындамайды. Ал денсаулық сақтау министрлігі оларды бақылауды қамтамасыз ете алмайды. Қалалық денсаулық сақтау басқармасының жеке медициналық мекемелерге әсер ету тетігі жоқ. Басқарма бірнеше рет Медициналық сақтандыру қорына, өңірлік кәсіпкерлер палатасына осы мәселелер бойынша жүгінуге мәжбүр болды.

Денсаулық сақтау саласына халықтың көңілі бітпейтін тұстары көп. Соның ішінде осы жоба бойынша ашылған орталықтар жұмысына қанағаттанбайды. Мәселен, салалық дәрігерге тіке барып, қабылдауына жазылудың мүмкін еместігі, сондай кадрлардың жетіспеушілігі, медициналық тексеруден өту уақытының бұрынғыға қарағанда ұзарып кетуі сынды мәселелер көп.

Ақбала Сағат есімді қала тұрғыны «Салауатты Астана» емханасында қызына колледж сұратқан медициналық тексеруден өту бірнеше аптаға созылғанын айтады. «Педиатр қабылдауына жазылдым, ол бізге бірнеше жолдама толтырып берді, атап айтқанда, офтальмолог, хирург, невропатолог және флюорографияға бөлек-бөлек жолдама алдық. Бірақ емхана филиалдары қаланың әр жерінде орналасқан, соның бәрін аралап жүру керек екен. Бұрын медициналық тексеруден жылдам өтіп шығатын едік» деп әлеуметтік желіде шағымын қалдырыпты.

Елордалық Толқын Сұлтанова емханаларда жөнді эндокринолог дәрігерлер жоқ деп дабыл қаққан. «Эндокринолог онкологқа жіберді. Ол бір анализ тапсыр деді. Бір аптадан кейін қайтып кел, анализдің нәтижесіне қарай айтамын деді. Бүгін барсам не үшін мені шақырғанын білмейді. Анализдің қорытындысы жоқ. «Бізде ондай-ондай болып тұрады. Мекемелер жиі ауысады» дейді. Оған ауырып жүрген адамдар неге уақытын өткізу керек? Сау адам тектен тек емхананы жағаламайды. Жалпы біздің елде эндокринолог мамандығы дамымаған. Болған да емес. Біреуі пәтуәлі сөз айтқан емес. Жай міңгірлейді. Кезінде ЖОО ілінип-салынып бітіргендер» деп шағымын айтқан.

Тағы бір елордалық, үш баланың анасы Әсемгүл Жолбасарова басқа мекенжайға қоныс аударуына байланысты бұрын өздері қаралатын ірі емхана оларды «Үй маңы дәрігері» филиалдарының біріне ауыстырғанын айтады. «Бірақ олардың іші тар, ыңғайсыз, салалық дәрігерлер көп орнында болмайды, жан-жақта шашырап жатады, бұрынғымыз дұрыс еді, қайта тіркелейік десек тіркемейді екен енді» дейді.

«Шипагер» отбасылық денсаулық орталығына қаралатын елорда тұрғыны Нұржан Оразбаев мұндай орталықтар бастапқыда келіскен мемлекеттік лицензиясы аясында тиісті жұмыс жүргізетінін айтады.

– Жалпы ұйымдастырушылық жағынан кемшіліктер жоқ емес. Бірақ оған объективті түрде қарасақ, жүктеме көптігін ескеру керек. Мойнына алған міндеттерді барынша дұрыс атқаруға тырысып жатыр. Өзім неше рет күнім түсті. Персоналы өз жұмысын біледі, түсіндіріп айтады, жақсы қарайды. Бір мәселе бар, таңертең қан тапсыруға барған кезде адам өте көп болады, ол жүктемеге байланысты шығар. Дегенмен бұрынғыдай емес, тұрғындардың талабынан соң соңғы кездері адамдар көп күтпеуі үшін қан тапсыратын кезде қызметкерлер санын көбейтті. Лицензия алмаған қызметтерді ақылы түрде алуға жібереді, мәселен, бор жұтып, рентгенге түсу қызметі жоқ. Сосын менің түсінбейтінім – қанша қан тапсырып жүрміз, бірақ соның нәтижесін ешқашан қолымызға бермейтіні, бұл солай бекітілген бе, әлде біз талап етіп сұрамағаннан ба, оны түсінбедім. Жалпы алғанда «Шипагер» мен бұған дейін қаралған басқа емханаларға қарағанда қызмет көрсету жағынан көш ілгері екенін толық сеніммен айта аламын, – дейді ол.

Осы орайда биыл маусым айында қалалық мәслихат депутаттары елорда тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету сапасын бақылау үшін күн сайын мемлекеттік және жеке медициналық мекемелерге барды. Олар проблемалық мәселелерді емхана басшылығынан ғана емес, келушілердің өздерінен де сұрап, шешімін табуды жоспарлаған болатын.

– №9 қалалық емхана, «Шипагер» денсаулық орталығы» ЖШС, «Салауатты Астана» ЖШС емдеу мекемелерінің меншік нысаны әртүрлі, мәселе барлық жерде бірдей, білікті кадрлардың жетіспеуі, кіреберіс жолдарының, автотұрақ орындарының, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға арналған пандустардың, келушілер үшін қалыпты кіру топтарының болмауы сияқты мәселелер бар. Кейбір емханаларда үй-жайлардың ауданы қабылданған науқастардың санына сәйкес келмейді, бөлімдерді бөлуге, бөлмелерді жабдықтауға және халықты біріктіруге қатысты көптеген сұрақтар туындады. Халыққа қызмет көрсету орталықтарын үлгі ете отырып, барлық медициналық қызметтерді бір жерде көрсету қажеттігін айтып өттім. БМСК қамтамасыз етудің барлық проблемалық мәселелерін мәслихаттың келесі сессияларының бірінде қарастыруды жоспарлап отырмыз, – деді мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов.

Емхана базасында осындай «Үй маңындағы дәрігер» жобасын ашқан №11 қалалық емхана директоры Жаңалық Сағандықовтың айтуынша, жалпы бұл жоба Еуропадан бастау алған. Бұл қала тұрғындарына қолжетімді жерде білікті медициналық көмек алуға, сондай-ақ қолданыстағы емханалардың жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

– Жоба бойынша Шәкәрім Құдайбердіұлы көшесі, 28 мекенжайында құрылған филиалымыз 5 мыңға жуық адамды қамтып отыр. Ең басты қажеттілік – ол әрине, тұрғындарға жағдай жасау. Қазіргі кезде тіркелген тұрғындарымызға үйіне жақын жерден медициналық көмек алуға барлық жағдай жасалған. Аталған филиалда 3 учаскелік дәрігер мен медбикелер қызмет етеді. Сонымен қатар кардиолог дәрігер, тексеріп қарау бөлмесі, ем-шара бөлмесі, күндізгі стационар қызметі бар. Жалпы 30-ға жуық қызметкер жұмыс істеуде, – дейді ол.

«Үйдегі дәрігер» жобасын ауруханадан тыс жеке немесе заңды тұлғалар ашу үшін ең алдымен, лицензия керек. Барлық заңнамаларға сәйкес талаптар мен жағдайлар жасалса, мемлекеттік тапсырысқа, яғни ТМККК және МӘМС-ке өтінім беріп ашуға болады.

Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов халық көп шоғырланған, емханадан алыс орналасқан тұрғын үйлерден ашылған «Үй маңы дәрігері» жобасы қиындықтан шығудың жалғыз жолы деп санамайды.

– Себебі мемлекеттік нормативке сәйкес мұндай дәрігерлік амбулаториялар халқының саны 5 мыңнан аспайтын елді мекендерде ашылады және онда тек үш дәрігер мен екі медбике ғана жұмыс істейді. Ал бұл ретте жоба арқылы қала халқының қажеттілігін толық өтей алмаймыз. 20 мыңнан астам адамға қызмет көрсететін кез келген БМСК ұйымы қазіргі тариф жағдайында тиімді емес. Бұл жерде мәселе тіпті бір дәрігерге қанша пациенттен келетіндігінде ғана емес. Тіпті кадрлар жеткілікті болғанның өзінде біз амбулатория шеңберінде толық инфрақұрылымды жасай алмаймыз. Ол жерде не рентген, не ота жасау қызметі болмайды. Әрі кетсе науқастар консультация алады, қан қысымы мен қандағы қант деңгейін тексертеді. Мәселен, Есіл ауданындағы №9 емхананы алайық. Емхана толық жабдықталған, мамандары жеткілікті. Осы аудандағы 300 мың халықты округтегі жеке клиникалар бойынша бөліп көрдік. Нәтижесінде 100 мың тұрғын №9 емханаға тиесілі болып шықты. Алайда қалған жеке клиникалар бәрібір пациенттерін №9 емханаға жолдап отыр. Ақырына келгенде бұл емхана сол үш жүз мың пациент үшін жұмыс істеп тұр, – дейді басқарма басшысы.

Сонымен бұл жоба аясында пациенттерді толық қызметпен қамту көп ретте мүмкін еместігін байқауға болады. Сондықтан қалада емханаларды көптеп салу керек. Дегенмен қаладағы халық санының қазіргі өсу қарқыны елордада емханалар санын қазіргі мектептер құрылысымен бірдей қарқында салуды қажет етеді.

> «Үйдегі дәрігер» жобасын ауруханадан тыс жеке немесе заңды тұлғалар ашу үшін ең алдымен, лицензия керек. Барлық заңнамаларға сәйкес талаптар мен жағдайлар жасалса, мемлекеттік тапсырысқа, яғни ТМККК және МӘМС-ке өтінім беріп ашуға болады

Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы өкілдері мен медициналық ұйымдар басшылары арнайы жиында Мемлекет басшысының халыққа Жолдауын талқылады.

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Жиын қатысушылары ел дамуы жолында атқарылатын жұмыстар мен Жолдауда айтылған міндеттер бойынша ойларын ортаға салды және Мемлекет басшысының бастамаларын қолдайтынын білдірді.

– Мемлекет қуаттылығының бір көрінісі – жоғары сапалы медицина. Жолдауда адамдар еліміздің басты құндылығы екенін, ұлт саулығы жақсы болса ғана қоғам орнықты дамитындығы айтылған. Денсаулық сақтау саласы бойынша айтылған мәселелер қашан да өзекті. Президент денсаулық сақтау жүйесін тұрақты вакциналауға дайындау қажеттігін атап өтті. Коронавируспен байланысты емес аурулардың белең алуын болдырмау керек. Пандемия жағдайында жоспарлы скринингтер мен операциялар кейінге қалдырылады. Көптеген балалар стандартты вакцинаны алмайды. Мұндай жағдайға жол бермеу қажет. Әділетті мемлекет, берекелі қоғам құруда елордалық дәрігерлер белсенділік танытып, жаңа ұсыныстардың жүзеге асырылуына ұйытқы болмақ, – деді басқарма басшысы Тимур Мұратов шара барысында. Басқарма басшысы сонымен қатар медициналық санитарлық алғашқы көмек беру ұйымдарында жүргізіліп жатқан екпе алу жұмыстары мен күн тәртібіндегі маңызды мәселелерге тоқталды.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТЕДІ

Бүгін елордадағы №7 қалалық емханада тіркелген пациенттер үшін жатыр мойны обырына қарсы айлығына байланысты Ашық есік күні өтеді.

Ашық есік күнінде тегін қаралу үшін емхананың ересектер корпусындағы №213 кабинетке таңертеңгі сағат 8.00-ден 14.00-ге дейін келу керек. Бұл күні пациенттерді акушер-гинеколог қарап, консультация береді. Сонымен қатар келушілер жатыр мойны обырының алдын алу бойынша ақпараттар жазылған материалдар алады.

Жатыр мойнының обыры әйел адамдарда кездесетін онкологиялық аурулардың үштігіне кіреді. Негізінен, бұл дертке – адам ағзасындағы папиллома вирусы себепкер. Жатырдың төменгі бөлігінде жатыр мен қынапты біріктіріп тұратын мойын, яғни босану жолы бар. Жатыр мойнының обыры 16, 18, 31, 33, 35 немесе 39 түрге жататын адам папилломасының вирусынан туындаған цервикалды интраэпителиалды неоплазия (CIN) нәтижесі болып саналады. Көбіне жатыр мойнының обырына 45-50 жастағы әйелдер шалдығады. Алайда онкологтар соңғы уақытта бұл аурудың жас әйелдерден де анықталып жатқанын айтуда.

№111 (4389) 20/09/2022 Сейсенбі

ЕЛІМІЗДЕ
50 000
БЕЛСЕНДІ АЗАМАТЫ БАР 200 ВОЛОНТЕРЛІК ҰЙЫМ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

birgemiz

30 ЖУЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК ҰЙЫМ МЕН ҚОЗҒАЛЫС ЕЛОРДАДА БАР
5000
ВОЛОНТЕР АПТАСЫНА 2-3 ІС-ШАРА ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТУІНЕ АТСАЛЫСАДЫ

ВОЛОНТЕРЛІК ҚОЗҒАЛЫС: ЖАСТАРҒА НЕ БЕРЕДІ?

Елдіктің қайнар көзі – жастар. Ал жастардың бойында қайырлы, қайырымды қасиеттер басым болса, сол мемлекет өміршең болады. Солай! Кішіпейіл, әділ де, қайырымды, еңбекқор болып қалыптасуында волонтерлік қозғалысты дамыту маңызды. Тағылымды тарихты таразылайтын болсақ, ағайын бір-біріне асар әдісімен рухани және материалдық тұрғыда дем беріп отырғанын танимыз.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Бала кезімізде біресе көршінің қорасын тұрғызуға, біресе туыстың отынын шауып, жинауға жиналып, берекелі іске атсалысатын едік. Тіпті егін даласында дән тастау және жинау науқанында бір-біріне көмек қолын созып, асарлату дағдылы іс саналатын. Бұрынғы асар, бүгінгі волонтер – бір-бірімен үндес ұғым. Атауы өзгергенімен, танымы – бір, тағылымы – ортақ.

Әсіресе, соңғы жылдары волонтерлік қозғалысты дамытуға мемлекеттік деңгейде мән беріле бастады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев волонтерлік іспен айналысу патриотизмнің жарқын көрінісі екенін атап, 2020 жылды «Волонтер жылы» деп жариялады. Сөйтіп, «Birgemiz» ұраны аясында волонтерлік істі дамыту – жастар саясатының құрамдас бөлшегі ретінде қарастырылды.

Волонтерлерді дайындау үрдісі, олармен жұмыс істеу тәжірибесі туралы «Астана жастары» ресурстық орталығы волонтер қозғалысын дамыту бөлімінің басшысы Эльвира Есмұханова:

– Қоғамның ілгерілеуін волонтерлік қозғалыстың белсенділігінен байқауға болады. Ел үкіметі 2016 жылы волонтерлік қызмет туралы заң шығарған кезде волонтерлік қызмет жаңа деңгейге көтеріліп, дамудың жолына түсті. Астана қаласында соңғы 10 жылда волонтерлік қозғалыс қарқынды дамып, ай сайын 30-40 мың жас волонтерлік қозғалысқа қатысады. Жалпы белсенді 5 мың волонтер аптасына 2-3 іс-шара жоғары деңгейде өтуіне атсалысады. Мектептің жоғары сынып оқушылары, колледж, университет студенттері имидждік іс-шараларды ұйымдастыруға дем береді, – деді.

Бас шаһарда 30-ға жуық волонтерлік ұйым мен қозғалыс бар. Олардың қызметі әралуан. Бірі, түрлі текстегі ақпараттар таратса, екіншісі, азық-түлік себетін әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға үйлестіріп, қарт адамдардың үйінде тазалау, жинау жұмысын жүргізеді. Жасыл экологияға атсалысып, тазалықты сақтауға, ағаш отырғызуға белсенді қатысатын топтар да бар. Ағартушылық, салауатты өмір сүру бағытында да қызмет ететін қозғалыстар жетерлік.

– Елде волонтерлікті дамыту жеті бағытта жүреді. Олар: білім беру, медициналық, экологиялық волонтерлік, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға тәлімгерлік, техногендік апаттарды, төтенше жағдайларды жою кезіндегі еріктілік, қарт адамдарға, арнайы күтім көрсетілетін мекемелерде жүрген адамдарға, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек көрсету, сондай-ақ рухани-мәдени және тарихи құндылықтарды сақтау бойынша волонтерлік, – деді «Астана жастары» ресурстық орталығы волонтер қозғалысын дамыту бөлімінің маманы Айзат Әли.

Елде карантиндік шектеулер және төтенше жағдай кезінде әлеуметтік волонтерлік қызметке сұраныс артты. Одан бөлек, халықаралық маңызы бар рухани-мәдени, спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуде волонтерлік қызметке қажеттілік артады. Сондықтан волонтерлерді оқыту және «Event-волонтерлік» жобасы маңызды саналады.

Арыс қаласындағы жарылыс, Мақтааралдағы су тасқыны, Қостанайдағы алапат өрт және т.б. тосын жағдай кезінде Үкімет пен жергілікті биліктен бөлек, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегенді ұстанған ел азаматтары волонтерлік қызмет көрсетіп, елдің еңсе тіктеуіне үлес қосты.

Естеріңізде болар, «EXPO 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі, Астана және Алматы қаласында өткен қысқы Олимпиада ойыны және VII Азия ойыны, «Cities Mayors Forum Global Silk Road», «World Para Powerlifting Championships Nur-Sultan-2019», триатлоннан Әлем кубогы «ITU World Cup», «IV KWU Kyokushin World Championship» және т.б. халықаралық деңгейдегі шараларға волонтерлер белсенді қатысты.

2015 жылы Алматыда өткен Солтүстік дисциплиналар бойынша жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында, TEDxAlmaty 2017-де, алғашқы GoViral фестивалінде, World Press Photo-2018 фотокөрмесінде волонтер болғанның бірі – Дастан Аққожа:

– 2017 жылдан бері Ұлттық волонтерлік желісінің мүшесімін. Qazvolunteers.kz платформасы құрылып, үкіметтік емес ұйымдарға арналған әдістеме әзірледік және облыстарда тренингтер өткіздік. Онда мектеп оқушыларынан бастап, ересектерге дейін қамтып, «Волонтер деген кім? Оның қызметі, құқы, міндеті қандай? Олармен қалай жұмыс істеу керек? Волонтердің мотивациясын қалай ынталандыруға болады» деген сұрақтарға жауап беріп, базалық білім бердік, – деді.

> Волонтерлік қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңы 4 тарау, 19 баптан тұрады. Онда волонтерлік қызметтің мақсаты айқын көрсетіліп, жүзеге асыратын міндеті белгіленді. Сондай-ақ қызметі мен түрлерін заңнамалық тұрғыда бекітіп берді

Елдің беделін өсіретін абыройлы іс-шараларға екінің бірі қызмет ете алмайтыны белгілі. Волонтерлерге қойылатын негізгі талаптарды Эльвира Есмұхановадан сұрадық.

– Волонтерлік қозғалысқа жастар өз еркімен келіп, адамға рухани және материалдық зиянын тигізбеуі тиіс. Халықаралық деңгейде өтетін жобаға волонтер шет тілін білгеніне маңыз беріледі. Волонтерлік қызметті жүзеге асыратын адам көпшіл, қарапайым, адамдармен тез тіл табысатын болғаны жақсы, – деді Жастар орталығының жетекшісі.

Енді волонтерлік қозғалыс жастарға не береді, пайдасы неде? Бұл сұраққа белсенді волонтер Жорабек Даулет жауап берді.

– Жаңа адаммен танысып, дос табуға, танымал тұлғаларды көріп, болмыс-бітімін, қабілет-қасиетін тануға, қайырымдылық іс-шараларға қатысып, қиналған адамдарға көмектесіп, сауап жинауға, бәрінен бұрын, азаматтық белсенділігін арттырып, қоғамның белді өкіліне айналады. Мұның бәрі волонтердің белсенді, беделді болуына септігі тиеді, – деді ол.

Жігерлі, жалынды жастармен тілдесіп, олардың қоғамға қызмет етуді зердесіне тоқығанын түйіп, француз жазушысы Дени Дидроның «Басқаға қуаныш сыйлай білген – ең бақытты жан» дегенін ұстаным еткенін білдік.

P.S: ***Елде волонтерлік қызмет – ақысыз жұмыс демей, абыройлы міндет деп қарап, танымал тұлғалармен тіл табыстырып, жаңа бастамаға жол ашатын қадам деп қарайтын жастардың қатары көбейіп келеді. Бізді қуантқаны осы...***

ТАРИХЫ

XX ғасырдың басында Еуропада волонтерлік қозғалысты дамыту маңызды саналды. Өйткені Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстан зардап шеккен елді мекендерді қалпына келтіруде еріктілердің қол көмегіне сұраныс артты.

1920 жылы жаз мезгілінде Англия, Германия және Швециядан волонтерлер, соның ішінде, бұрынғы сарбаздар, Вердуна жанындағы ауылды қайта қалпына келтіру мақсатында жиналды. Соғыс зардабынан қираған елді мекенді қалпына келтіруге бағытталған бастама халықаралық волонтерлік қозғалыстың пайда болуына септігі тиді. Бұл қозғалыс – Service Civil International (Халықаралық Азаматтық Көмек) деп аталды.

1934 жылы S.C.I. төрт еуропалық волонтерді Үндістандағы кедейлерге көмек беруге жіберді. Бұл команда British Volunteer Programme, US Peace Corps, Deutsche Entwiklungsdienst секілді ұйымның және өзге топтың бастамашысы болды.

Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін жас волонтерлер Еуропаның қайта қалпына келтіруіне қатысып, Варшава орталығын қайта соғу, Батыс Еуропадағы қираған қалаларды қайта қалпына келтіру, Югославиядағы Bratsvo-Edinstvo көлік магистралін құруға атсалысты. Волонтер халықтар арасында достық қарым-қатынас орнауына өз септігін тигізді.

1948 жылы құрылған ЮНЕСКО-ның және Халықаралық Волонтерлік Ұйымның Координациялық Комитетінің арқасында волонтерлік ұйымдардың жұмысы жандана түсті.

1950 жылдары ЮНЕСКО-дан жергілікті жерлерде АҚШ-тан, Иорданиядан келген волонтерлер араб елдерінде және Латын Америкасындағы халықтың сауаттылықты ашуына үлес қосты.

1970 жылы БҰҰ-ның Волонтерлік бағдарламасы қабылданды.

1991 жылы Қазақстан халықаралық ұйымдарға, соның ішінде БҰҰ-ға мүше болып, Еріктілер қозғалысы бағдарламасын қабылдап, волонтерлік қозғалысты дамытуды бастады. Бұл қазақ ұлтының асар әдісімен мазмұндас болғандықтан, қоғамда кең тарай бастады.

ОТБАСЫ – ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЗЫНАСЫ

Басын ашып алайық, бұл айтылып та жазылып та әбден жауыр болған тақырып, оны қайталағаннан жағдайды өзгертіп абырой таппасымызды да білеміз. Сонда да қолымызға қалам алып, қоғамның тыртығын тырнап отырған жайымыз бар. Ондағымыз, әлі де болса қоғам індетіне тосқауыл болайық деген әлсіз әрекетіміз.

Айгүл УАЙС

Әлсіз әрекетіміз дейтіндей бар, өйткені ешкім еріккеннен ажыраспайды. Екі адамның ортасына есі кеткен түседі демекші, басу айтатын да біз емес. Жалпыға ортақ некенің бұзылу себептерін де тәптіштеп айтатын жағдайымыз жоқ. Анығы, бұл ерлі-зайыптылардың ғана емес, айналасындағы ағайын-туыстары үшін де өте ауыр күйзеліс, материалдық жағынан да жеңіл шаруа емес. Бұл – кісіге күлетін де не біреуді табалайтын да жайт емес, білген адамға бір институтты жоққа шығаратын, қауіпті үрдістің шарықтау шегі. Жаманы – жастардың некесі бұзылып, көтерген шаңырағының шайқалуын қалыпты құбылыс ретінде қарайтын хәлге жеткеніміз. Отбасы институтының құрдымға құлап бара жатқанына бейжай қарап тұра алмайтындар оның ауыр трагедия екенін тағы еске салғанның артығы жоқ.

Жалпы Адам ата мен Хауа ана жаратылғалы бері мұндай мәселе болды ма, жоқ па бейхабармыз. Дегенмен некенің заңды түрде бұзылу үрдісі соңғы ғасырларда пайда болып, ырыққа көнбес індеттей бұқаралық сипат алған секілді. Өзге жұрттардың мәдениетінде бұл қалай екен деген оймен интернет аударғанымыз бар. Мысалы, Ұлыбританияда 1857 жылға дейін ажырасулар парламенттің арнайы рұқсатымен ғана жүзеге асқан. Бұл елде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан тәртіппен тек ер адам өзін некеде бақытсыз екендігін дәлелдесе болды, сонысы ажырасуына негіз болыпты. Жылдар өте келе, атап айтқанда, өткен ғасырдың ортасында Ұлыбританияда ажырасу көрсеткіші соғысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда он есе өседі. Сол себепті ағылшын қоғамы ажырасу рәсімін жеңілдететін бірқатар заңдарды қабылдауға мәжбүр болыпты. Алайда неке бұзу біршама уақыт талап ететін, әрі қымбат процесс себепті, екінің бірінің жағдайы көтере алмауы үдерістің өсуін тежесе керек-ті.

Бүгінге дейін Ауғанстан, Үндістан, Ливан, Сирия секілді елдерде заңды неке бұзуға рұқсат жоқ. Католик шіркеуі де бұл істі қолдамайды. Рас болса, католик діниндегілерге елуден асқанға дейін ажырасуға рұқсат жоқ. Жапонияда да бұл ұят нәрсе. Алайда еуропа мәдениеті мұнда да мысқылдап кіріп, дәстүрлі жапон отбасындағы еркектердің үстемдігі көзден тая бастаған сияқты. Білімді әйелдердің отбасындағы жағдайға қарсы шығу мысалдары кездеседі. Ал АҚШ-та XIX ғасырда белең алған бұл үдеріс өткен ғасырдың 70-жылдары ажырасудың жолын мүлдем жеңілдетіп, отбасылық жағдайды реттеу халықтың өз еркіне қалдырылыпты. Ажырасу үлкен апат және әлеуметтік жағымсыз құбылыс екеніне жаһандық статистика көз жеткізеді. Өткен жылдың көрсеткіштері бойынша көш басында Люксембург тұр. Әрбір жүз некенің 87-сі бұзылады. Испания – 65%. Франция – 55%, Россия – 51%, АҚШ – 46 %. Елде жоғары өмір сүру деңгейі мен күшті әлеуметтік жағына мығым қорғалуы, ажырасқандарға моральдық және әлеуметтік қолдау көрсетілуі ажырасудың ауыртпашылығын білдірмей жібереді. Жалпы адам құқығы алға шыққан жерде басқа қағидаға сүйену қиын болар. Отбасы институтына да жеңіл қарау осыдан шыққан сияқты. Тағы да ескеретін нәрсе, жан-жағынан сүйенер тірегі жоқ, жалғыз құмарлық пен сүйіспеншілік ең жоғары құндылық саналатын қоғамда неке мәңгілікке созылмайтынын еуропалықтар дәлелдеп отыр. Сезім де өшіп, ыстық жүрек те салқындайды.

Егер еуропадағыдай дінге немесе басқа да құндылықтарға бекітілген қасиеттерден ажырап, адамның азғындалуы қалыпты жағдай деп есептеліп, олар жаппай сипат алып, қоғамға танылса, онда біздің де біткеніміз. Отбасының дағдарысына, көріп отырғанымыздай, үнемі өзгеріп отыратын заңдар емес, адамдардың имандылығының, құндылықтар жүйесінің өзгеруі себеп болды деуге болады.

Ұлттық дәстүр, дін, отбасы құндылығы дәріптеліп, ажырасуды жоққа шығарып, оған жол берудің жолы тарылса, шығысқа тән әйелдің күйеуіне бағынуы, бала тууы, тәрбиесі ортақ міндеттері мен жауапкершілікпен шегенделсе ерлі-зайыптылардың өмірін таршылық, жоқшылық қыспаса ғана біз ойлағандай мақсатқа жетер ме едік. Әзірге орта жолда дағдарып тұрмыз.

Төңкеріске дейін Ресейде ажырасудың жолына дін кедергі болған екен. Ислам діні қазақ еліндегі отбасылық құрылымды ұстап тұрды. Әйелдер теңдігін алып келген Қазан төңкерісі қазақ жұртында орасан зор ізі бар дүрбелең салғаны белгілі. Кеңес үкіметінің алғашқы жарлықтарының бірі «Ажырасу туралы декрет» болды, ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша неке қиюды да бұзуды да жеңілдетіп қойды. Осылайша кеңестер кеңістігінде барша халық ажырасудан озып, тек АҚШ-ты алға салды.

БАЙҚАҒАНЫМЫЗ, ҚҰНДЫЛЫҚ ЖОҒАЛҒАН ЖЕРДЕ ОТБАСЫЛЫҚ ИНСТИТУТТЫҢ БОЛАШАҒЫ КҮМӘНДІ БОЛАТЫНЫН БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ. АДАМДАРДЫҢ ЕРКІНДІГІ, ӘЙЕЛДЕРДІҢ ТЕҢДІГІ ҚОҒАМДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАЙЛАНБАСА ЖӘНЕ СОЛ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ҚОҒАМ БОЛМАСА ҚҰНЫ КӨК ТИЫН БОЛЫП, МӘСЕЛЕЛЕР БІР ЖАҚТЫ ШЕШІЛЕТІНІН КӨРУГЕ БОЛАДЫ

Алайда қазақы санамызда өткен ғасырдың сексенінші жылдарына дейін ажырасу деген нәрсе болса өте сирек, алда-жалда бала болмаған жағдайда не болмаса басқа да өмірлік маңызды желеумен ғана неке бұзылатын. Әйтсе де, 90-жылдардың қиыншылығынан көптеген ерлі-зайыптылардың отауы құлағаны белгілі. Сол кезеңде жарты отбасында тәрбиеленген балалар бүгінде отау құрып, теріс үрдіс белең алып келеді. Санамызға мықтап сіңгені соншама ерлі-зайыптының ажырасқанын ерсі көрмей, керісінше қоғамның ажырамас құбылысына айналғанын көріп отырмыз.

Байқағанымыз, құндылық жоғалған жерде отбасылық институттың болашағы күмәнді болады. Адамдардың еркіндігі, әйелдердің теңдігі қоғамдағы құндылыққа байланбаса және сол құндылықты қамтамасыз ететін қоғам болмаса құны көк тиын болып, мәселелер бір жақты шешілетінін көруге болады.

Қиыны, ажырасу екі адамның арасында ғана қалмай жалпыға өнеге, басқа түскен қиындықтан немесе өз қателіктерімізді шешудің үлгісі болып барады. **Жастар некеге отырудан қорқып, демографиялық жағдайға да кері әсерін тигізді.** «Түбі ажырасатын болса, некені тіркеудің қажеті не?» дегенді жастар жиі айтады. Осыдан барып отбасы институтының құнсыздануы байқалады. Бір баласын құшақтап, бір баласын жетектеген жалғызбасты аналар саны артып келеді. Толық емес отбасында психологиялық ахуал бұзылып, ол болашақ ұрпақтың психологиясында зардабын түсіруде. Қоғамның күші қайсысына жетсін, олардың үлкен трагедиясы өздерін кемшін көріп, сыртқы әлемнен оқшауланумен сипатталады. Көбінесе толық емес отбасын қамқорлап отырған ешкім жоқ. Бір баласын жетілдіремін деп басын тауға да тасқа да ұруға мәжбүр. Күнкөрістің қамымен баланың тәрбиесі жайына қалуда. Жалғызбасты әйелдің тірлігі бір баладан артылмай, басқадай отбасын құрып тағы бала сүю мәселесі кейінге ысырылады. Олардың балалары ер адамның тәрбиесінен қалыс қалып, әйелдің білгенімен ержетеді. Кейде ажырасқан әйелдің ерлерге деген өкпесі тарқамай, неке мен отбасылық өмірге деген теріс пікірі жеңіп кетеді. Ол ашынғанда сыртына шығып, балаларда неке және отбасылық өмір туралы қайшылықты және бұрмаланған түйсік пайда болып, сол кедергі күрмеуге айналып, алдағы өмірін тұсаулап тұрады. Әрине, толық отбасында балалардың мінез-құлқымен салыстыруға келмейді. Кәмелетке толмағандар арасында қылмыс жасағандардың дені толық емес отбасы балалары екені кездейсоқ емес. Ажырасудан ықпайтын да – осы жартыкеш отбасының өнегесімен өскендер.

Айқын ДҮЙСЕМБАЕВ, психолог:

– Некенің бұзылып, ажырасу процесі – назар аударуды және шешуді қажет ететін күрделі әлеуметтік-психологиялық мәселе. Отбасындағы ажырасу тек жеке адамдардың басындағы жекелеген жағдай емес, оны қоғамда қордаланған күрделі мәселелердің отбасы институтында көрініс табуы ретінде қамтып, қарауымыз керек.

Ал адамдардың осы әрекетке бастайтын өзгерістерін таразылайтын болсақ, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастың ушығуын бірнеше кезеңге бөліп қарауға болады. Әдетте, ерлі-зайыптылар ажырасар алдында белгілі бір кезеңнен өтеді. Жиі ұрыс-керіс болып, бірін-бірі түзегісі келіп, көңіліне жақпайтын нәрселерді алға тартатын сәттерін дағдарыс деуге болмайды. Осы кикілжің арқылы ара-қатынастары ашып алып, мәселені шешуге талпынғаны деп бағалау керек. Ерлі-зайыпты жанжалдасып, таласып, тығырықтан шығатын жол іздейді. Бұл кезеңде кәсіби психолог оларға жөн сілтеп, көмектесе алады. Өкінішке қарай, олар бұл кезеңнен өтіп кетіп барып, маманға кеш жүгінеді. Осы кикілжіннің соңы бейдауа, маған бәрі бір дейтіндей жағдайға жеткізеді. Ерлі-зайыпты суынып, бір-бірінен алшақтай бастайды. Үшінші шешуші кезең – бірін бірі көргісі келмей, бірінің қылығы екіншісінің ызасын келтіріп, мүлдем жатсына бастайды. Ақырында бірлескен өмірінің мәні кетіп, соңғы нүктесін қоятын ілік іздеп, ажырасу үшін, сотқа жүгінеді. Сотқа барғанда да әйелдің мінез-құлқына қарау керек, егер ол ажырасудың салдарын елестетіп, балаларын ойлап дегендей көзінен жас шықса, не жүрегі езіліп тұрса некені әлі де сақтауға болады. Егер екеуі де жат адамдардай өшігіп, не болары болып, бояуы сіңгендей, бейжай қалып танытса онда суға кеткен кемені құтқару мүмкін емес. Жастардың осы кезеңдерді бастан өткізіп жатқанын дұрыс бағамдап, дер кезінде сырттан көмек болса ешқашан кеш болмайды.

Отбасы психологиясында «қайырлы ажырасу» деген ұғым бар. Мұндай ажырасу бұрынғы әйелі мен ерінің ара-қатынасының адами қалыптан асырмай, балаларының өмірін тозаққа айналдырмаудың жолын қарастырады. Егер осы ажырасудан кейінгі қалыпты адами қарым-қатынасты ұстай алмаса соңы жақсылыққа апармайды. Түптің түбінде ересектердің қателігі үшін балалары азабын тартатын болады. Бұл да – бүгінгі қоғамдағы қосымша қарастыруды және зерттеуді қажет ететін құбылыс.

Осы саланың мамандарын, кеңесін тыңдай отырып, тағы бір нәрсені көңілге түйгендей болдық. Ол баласын үйлендірген ата-ананың да, отбасын құрған жастардың да басында болатын, өздері тәтті қиялдарында туындаған өмір сүрудің бір үлгісі, тәтті үміті болады екен. Сол қиялдағы тамаша көрініс нақты өмірмен қиыспағанда қолдағы барға қанағат демей, бәленің бәрі басқаны іздеуден басталады. Көптеген кикілжің қиялдағының болмағанынан, барына көңіл толмағаннан басталып дауға айналады. Көбіміз қиялдағы тамаша өмірді нақты өмірге айналдыруға тырыспай-ақ, ажырасып тынып жаңа өмірді бастағымыз келеді. Ал ескі сүрлеумен жаңа жерге жетуге болады ма?!

№111 (4389) 20/09/2022 Сейсенбі

УАҚЫТ ТАЛАБЫНА САЙ РЕФОРМА КЕРЕК

Жақында жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында еліміздің жаңа саясиэкономикалық, әлеуметтік және құқықтық саладағы дамуына бағытталған келелі ұсыныстар айтылды. Осыған байланысты Астана қаласы Байқоңыр ауданы №2 сотының судьясы Бағлан Ыдырысовты әңгімеге тартқан едік.

– Бағлан Құттықожаұлы, жалпы осы Жолдауында Мемлекет басшысы бір тарауды заң мен тәртіпке арнап отыр. Құқық саласының қызметкері осыдан қандай тұжырым жасауы керек?

– Президент Жолдауында сот жүйесін әрі қарай жетілдіруге байланысты бірнеше бағытты айқындап берді. Уақыттың талабына сай реформалар жүргізіледі. Сот саласындағы реформалар, жаңашылдықтар, бәрі де халық үшін, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғауға бағытталған.

Біздің басты мақсатымыз – азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттыру. Мемлекетке деген сенім де осыған да байланысты. Осы орайда, соттарға жүктелген жауапкершіліктің жүгі зор. Қолжетімді, сенімді, әділ сот төрелігі, судьяның беделі, ұғынықты және негізделген сот шешімі арқылы қалыптасады.

Сот жүйесіне сауатты мамандар өте қажет. Қоғам даму үстінде, сондықтан халықтың мұңын түсіне білетін, дұрыс шешім қабылдайтын білікті мамандарға сұраныс артып отыр. Өз кезегінде, судья лауазымына үміткерлерді іріктеудің жаңа талаптары мен критерийлері қойылды. Олар күшейтілді. Кездейсоқ адамның судья лауазымына орналасуына жол берілмейді. Әрбір заңгер бола алмайды. Олар іріктеуден өтеді. Жасы 30-ға толған, белгілі бір жұмыс өткелі және тәжірибесі мол, жоғары білікті, адал, жемқорлықтан таза болуы қажет.

– «Барлық судьялардың мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмау керек» дегенге не айтасыз?

– Еліміздің сот жүйесі үш сатыдан тұрады. Олар бірінші инстанция, апелляциялық және кассациялық сот алқалары болып бөлінеді. Еліміздің заңнамаларында судья қандай да бір істі және шешім шығару барысында тәуелсіз. Ол заң талаптарына ғана бағынуға міндетті. Осы ретте, Президентіміз соттардың шешім шығару барысында жоғары тұрған соттардан тәуелсіз болуын және аудандық, қалалық, облыстық және жоғары соттар бір деңгейде болу керектігін атап өтті. Әрине, бұл өз кезегінде сот шешімі дербес қабылдағанын растап, халықтың сотқа деген сенімін арттырады.

– «Сот алқасының төрағасы судьялардың өз ішінен сайлансын» деген ұсынысқа көзқарасыңыз қандай?

– Президент Жолдауында «көптеген сот төрағасы лауазымы судья лауазымы болып өзгереді. Сот төрағасы және Сот алқасының төрағасы лауазымына үміткерді судьялар өздері сайлайтын тәсіл енгізуді ұсынамын» деді.

Қазіргі кезде, Жолдаудың осы бөлігі қалай жүзеге асатыны талқыланып жатыр. Сондықтан тетіктері толық анықталмады. Аудандық, қалалық соттардың және сот алқаларының төрағалары сол сотта жұмыс істейтін судьялардың арасынан сайланатын болады. Белгілі бір мерзімге тағайындалады.

Демек, өз араларында болғандықтан беделі бар, білікті, білімді және тәжірибелі маманды төраға ретінде тағайындайтындары түсінікті.

– Судьялардың дербестігін арттыру мәселесі турасында не айтасыз?

– Негізінде, заңнамаларда «судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді. Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді» деп көрсетілген.

Осы заң талаптарының орындалуы және сот тәуелсіздігі туралы мәселе әрдайым айтылып жүр.

Президентіміз бұл мәселені бұрын да көтерген болатын. Жолдауда «күштік құрылымдар сотқа ықпал етпеуге тиіс. Бұл – өте маңызды. Судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрі жойылуы керек» деп назар аударса. Бұған дейін де, Мемлекет басшысы судьялардың VIII съезінде: «БАҚ-тың жариялылығын, ашықтығын сотқа қысым жасау үшін пайдалануға болмайды. Сот төрелігі тек сот залында және тек қана сот процесінің қорытындысы бойынша жүргізілуі тиіс. Әрбір судья өз әрекеттері мен шешімдері үшін жеке-дара жауап береді. Сотқа қысым жасау фактілері үшін заң бойынша жауап беруі қажет» деп бұл мәселенің ара-жігін ашып берді.

Қазіргі таңда, барлығына белгілі сотта қаралып жатқан істер әлеуметтік желілер де және БАҚ да көп талқыға түседі. Қоғамда пікірталас тудырып жатады. Сот үкімі шықпай жатып, тұлғаның кінәлі не кінәлі еместігін айқындап қояды. Сөйтіп, қоғамда белгілі бір пікір қалыптасады. Заңды және әділ шығарылған сот шешімімен қоғам келіспей жатады. Нәтижесінде барлығына сотты кінәлап жатады. Әрине, бұл – сот төрелігін жүзеге асыруға қысымның бір түрі. Сондықтан да сот төрелігіне қысым жасау заңмен қудалануға әкеп соғатынына назар аудару керек.

Сонымен қатар, ақтау үкімі – көбіне көп құқық қорғау органдарына ұнамауы мүмкін. Себебі олардың көзқарасы басқа болуы ықтимал. Сондықтан Президент өз Жолдауында судьяның жұмысына және сот төрелігін жүзеге асыруына ешкімнің араласпауына жол берілмейтіндігін тағы да айқындап берді.

Сот жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қорғау, қалпына келтіру бағытында жұмыс істейді.

Сол себепті, сот ешқандай да қоғамдық, бұқаралық ақпарат құралдарының, блогерлер мен журналистердің, қандай да бір органның қысымына қарамастан заңға негізделген әділ шешім шығаруға міндетті. Заң шеңберінде соттың ашықтығы мен жариялылығы қамтамасыз етілгенімен, ол судьяға қысым мен сот шешімін өзгерту құралы ретінде қолданылмауы керек.

– Сот жүйесін реформалау жайы айтылып қалды...

– Сот жүйесіндегі реформалар, оның нәтижесі халықтың, қоғамның, еліміздің және шетелдік бизнес өкілдерінің сот төрелігіне сенімділіктерін арттыратыруға, әділ және заңды шешім қабылдайтын сот жүйесін әрі қарай жетілдіруге және сот корпусын білікті және тәжірибелі мамандармен нығайту, судьялардың қорғалуына заңмен кепілдік беруге бағытталған. Оның бірнеше басымдығы бар. Атап айтсақ, судьялардың кәсіби біліктілігін тұрақты түрде жетілдіріп отыру, жұмыс тәсілдерін дамытып, жаңа талаптарға бейімделу, халықаралық тәжірибені ұдайы ескеріп, шеберліктерін шыңдау. Адамның құқықтары мен бостандықтарын судья басты назарда ұстауға тиіс.

Соттың тәуелсіздігін нығайту арқылы оның әділ және ашық болуын қамтамасыз ету. Осындай жағдайда ғана әртүрлі мәселемен сотқа жүгінген азаматтардың сот билігіне деген сенімі нығаяды.

Судья болуға үміткерлерге талаптарды халықаралық тәжірибеге сәйкес күшейту; кандидаттарды іріктеудің жаңа жолдарын қарастыру; сот үрдісіндегі қағазбастылықты шектеп, барынша оңтайландыру және халыққа ыңғайлы қылу, мемлекеттік мекемелер өз араларындағы дауды жоғары тұрған мемлекеттік мекемеге жүгіну арқылы шешу; істерді қарау барысында IT-технологияны кеңінен қолдану.

Президенттің ұсыныстарына қарай отырып, сот жүйесін әлі уақыт сұранысына сай жетілдіру қажет екенін түсінеміз. Алда бізді ауқымды жұмыстар күтіп тұрғаны сөзсіз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

ҰЛЫҢЫЗ ӘСКЕРГЕ ДАЙЫН БА?

Қазір Астана қаласының әскери комиссариатында күзгі әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Он сегіз жасқа толған немесе белгілі бір себептермен әскери қызметтен кейінге қалдырылған жас жігіттерді Отан алдындағы борышын өтеуге шақыру – үлкен жауапкершілікпен әрі жан-жақты дайындықпен атқарылатын мемлекеттік маңызды шаруа.

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

МӘНІ ЗОР МІНДЕТ

Кейінгі кезде Қазақстан армиясындағы орын алып отырған жағдайға байланысты халық балаларын әскерге жіберуден қорқып қалған тәрізді. Айына бір-екі рет ана жерден бір, мына жерден бір «жас сарбаз өзіне-өзі қол жұмсапты, жас сарбаз өзін-өзі атып өлтіріпті» деген адамның зәре-құтын ұшыратын хабарлар естіліп жатса, ата-аналарды да түсінуге болады.

Оның үстіне «Қазақстан әскері қатарында қызмет ету бір жылдан бір жарым, екі жылға дейін ұзартылуы мүмкін» деген әңгіме тағы тарап отыр.

Міне, осыған байланысты облыстық, қалалық, аудандық қорғаныс істер жөніндегі департамент, басқармалары мен бөлімшелеріне осының жай-жапсарын түсіндіріп беруді сұраған хаттар мен қоңыраулар көптеп түсетін көрінеді.

– Менің немереме Астана қаласының әскери комиссараты жанындағы жинақтау қосынына шұғыл жету керектігі жөнінде хабарлама келді. Жасы өткен шілде айында он сегізге толып еді. Әскерге тұңғыш шақырылушы ретінде баратын болғасын ілесіп бардым. Алайда лейтенант шеніндегі Ф.Әміров деген азамат «немереңізді міндетті түрде медициналық бақылаудан өткізіп, психикалық жағдайын тексереміз. Бұл – міндетті рәсім. 18 бен 27 жас аралығындағы жас жігіттер өтуі тиіс» деп басқа ештеңе айтпады. Басқа сұрақтарыма жауап бермеді, – дейді қала тұрғыны Ермек Жұмағазин.

Осыған орай біз Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаментіне хабарластық. Онда тек бір анықталғаны, әскери қызметке байланысты заң жобасы ҚР Парламенті Сенатының қарауында жатқан көрінеді. Тағы бір түсінгеніміз, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі, армия генерал-лейтенанты Руслан Жақсылықов «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу және әскери есепке кімдер алынатынын нақтылау жөніндегі Ережеге өзгерістер енгізу туралы» бұйрық шығарған болды.

– Биыл әскерге 2006 жылы туған жас жігіттер шақырылып отыр. Олар әскери комиссаратқа барлық қажетті құжатын алып, дәл уақытында келуі қажет. Әскерге шақырылу куәлігі (приписное свидетельство) – әскери билет сияқты маңызды құжат, – деп түсіндіреді шұғыл ұйымдастыру жұмыстары департаменті бастығының орынбасары Азамат Досымов.

– Ол әскерге немесе запасқа жіберілгенше жарамды. Ал әскери есепке алынғасын әскери билет беріледі де, шақыру куәлігін жергілікті әскери орган алып қалады.

Бір айта кетерлігі, енді әскерге шақырылғандардың жауапкершілігі тек қана әскери комиссарға ғана емес, баланың ата-анасына да, өзіне де мықтап жүктеледі. Сондықтан шақырылған әр жас жігіт медициналық бақылау мен психологиялық тексерістен өткеннен кейін оны қатыстыра отырып, ата-аналарымен жеке-жеке әңгіме өткізіледі. Барлық тұрмыстық-әлеуметтік, ағайындық қарым-қатынастары зерделенеді, зерттеледі. Алған мамандығы, адамгершілік-іскерлік қасиеттері, діни көзқарасы, бұрын әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылды ма, жоқ па, сол жағы көбірек ескеріледі, – деді ол.

СЫЛТАУ ІЗДЕП, ЖАЛТАРАТЫНДАР КӨП

– Нұрлан – Рабиға Сәлімованың жалғыз ұлы. Үлкен қызы тұрмыста басқа қалада тұрады. Міне, ол Ақтау мен Тараздағы сарбаздардың оқиғасын естігеннен бері баласын қалай да әскерден алып қалудың жолын іздеп жүр екен.

– Шынымды айтайын, Қазақстан армиясындағы әлімжеттікті естігеннен бері түн ұйқым төрт бөлінді.

Біліп жатамыз, естіп жатамыз, қол жеткендер балаларын әскери техникалық мектепке (ӘТМ-ВТШ - военно-техническая школа) жіберіп жатады. Мен де соның жолын қарастырып жатырмын. Ұлым өткен жылы мектеп бітіріп, жоғары оқу орнына құжаттарын тапсырып еді, балы жетпей түсе алмай қалды. Енді әскерге қайта-қайта шақырады...

Біз бұл туралы ҚР Әскери қызметті шұғыл ұйымдастыру департаментінің өкілінен сұраған едік. Ол былай деді: «Жасыратыны жоқ, әскерден жалтарушылар аз емес. Осы тұрғыда заңды қатайту туралы да ұсыныстар түсіп жатыр» дейді ол.

Әскер қатарына шақырылып жатқан жастардың көбінің денсаулықтары нашар. Майтабан, асқазан жарасы мен жүрек-қан тамыры ауруларына шалдыққандар көп. Тіпті соңғы уақытта «тоқішекке ет өскен» деген сырқат түрі пайда болды. Мұндай кеселі бар адамды армияға алуға болмайды. Ол бір қауіпті де ауру емес. Ота жасалса, екі-үш айда жазылып кетеді. Алайда бізде ондай қаражат қарастырылмаған. Ал әскерге міндетті жас жігіт «қаржым жоқ» деген желеумен өздігінен ота жасауға асықпайды. Міне, сол себепті де қазір Қазақстан әскерінде сарбаз тапшылығы анық байқалып отыр.

Биыл көктемгі шақырылымда әскерге 17000 адам алынды. Олардың 6500-і ҚР Ішкі істер бөлімдері мен бөлімшелерінде қызмет етіп жүр.

Әскери техникалық мектеп төңірегінде түрлі әңгімелер айтылуда. Солардың ең бастысы, ӘТМ – қысқартуға ұшырауы мүмкін деген сөз. Қорғаныс министрлігінің бюджетіне айтарлықтай салмақ салып отырған құрылымды жылдар бойы зерттеп келе жатқандар мұның тиімділігі аз деп тұжырым жасаған көрінеді. Оның орнына әскери-оқу орталықтарын дамытса, анағұрлым пайдалы болар еді деген пікірлер немесе әскерилерді дендеп дайындайтын, оқытатын оқу құралдарын шығарса, қаржыны соған жұмсаса деген ұсыныстар орталық штабқа көптеп түсіп жатқан көрінеді.

ӘЛІМЖЕТТІК ПЕ, ӘЛДЕ?..

Өткен жылы әскери қызметшілердің өзін-өзі өлтіруіне қатысты 16 қылмыс тіркелсе, биылдың өзінде осы негізде сегіз қылмыстық іс қозғалды. Бұның негізгі себебін әлі тап басып ешкім айта алған жоқ. Көбі әскердегі әлімжеттікке әкеліп тірегенімен, өзін-өзі бастан атқан сарбаздың қасында ешкім болмаған көрінеді. Психологиялық ауытқушылық болуы мүмкін деген пікір де айтылып қалып жатыр. Ал ондай болса, ол құзіретті комиссия сүзгісінен, психологиялық тексеруден қалай өткен?

Осы жерде «бүгінгі күні Отан қорғауға аттанған жігіттердің көбі әлсіз, шыдамсыз әрі сылбыр. 18 жасқа дейін еңбек етіп, өмір талабына сай икемделіп, шыныққан үлгермегендер сәл қиындықты көтере алмайды. Әскерге барар-бармастан үйін сағынып, еркіндікті аңсайды. Өз қатарластарымен байланыс орнатуда қиналады. Осының барлығы өзекті өртейтін жайттарға әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан әскердегі әлімжеттікті тыю үшін ата-аналар мен қоғамның бақылауын күшейтіп, жастарға патриоттық-рухани тәрбие беру маңызды» деген пікірдің жаны бар сияқты.

Отан алдындағы парызды өтеу – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Сондықтан жас сарбаз сабырлы мінезімен қоса, адами құндылықтарды дәріптеп, әскери ортада шыңдала білсе дейміз. Оған о бастан-ақ темірдей тәртіп, жинақылық, тазалық, өзін-өзі ұстай білу қасиеті тән болуы керек. Сонда ғана ол елін қорғайтын азамат бола алады.

ЖАҢА МАУСЫМДА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Шындығында барлық бұқаралық ақпарат құралдары секілді телерналар да қазір өте күрделі кезеңді бастан кешіріп жатыр. Ол, әрине, көрерменге қатысты мәселе. Газетке жазылу көңіл көншітпейді, журнал оқылмайды, телеарна көрермендерге зәру, радионы да тыңдайтындар қатары азайды. Кешегі көрермен мен оқырман бүгінде әлеуметтік желілер: YouTube, Instagram, Facebook-ке үдере көшкен. Бірақ, жаңа телемаусымдағы жаңалықтар бұл қаупімізді біраз сейілткендей. Бүгін «Хабар» және «Qazaqstan» телеарналарындағы жаңа телемаусым туралы шолып өткенді жөн көрдік.

Телеарналар – үлкен тәрбие құралы. Телевидение – жиырма бірінші ғасырдың ең басты әрі ең күшті құралы десек те болады. Ендеше, телесаясатты уыста ұстау – ел үшін көп нәтиже береді. Әсіресе, телеарна өнімдерін саралап, бағалайтын, ақиқатты айтатын көркемдік кеңес болғаны жөн. Телесаясатты қалыптастыруға осы көркемдік кеңес мұрындық болып, ықпал етуі тиіс. Телеарналардағы басқару жүйесіндегі, телебағдарламар жасаудағы, қазақ тілінің үлесі, телевизиядағы идеология, телесаясат секілді күрмеуі көп күрделі мәселелер үнемі басты назарда болуы тиіс. Телевизия саласында алға басып, жұрттың жанымен үйлесім табатын тұшымды дүние тарту еткен арна ғана бәсекеге қабілетті бола бермек. Қандай бағдарлама, хабар болмасын бәрі де ұлттың болмысы мен мінез-құлқымен үндесіп келуі керек. Нағыз ел көретін бағдарлама жасау – оңай.

Оны шығармашылық әлеуетіне қарай іске асыратын телеарналардағы ұжым болуы керек. Ұлттық мүддені ойлаған телеарна қоғамның алдында жауап береді, халыққа қызмет етуі тиіс.

«ХАБАРДАН» НЕ ХАБАР?

5-қыркүйектен бастап еліміздің ірі хабар таратушыларының бірі – «Хабар» агенттігінің таңдау күтуде: қоғамдық-саяси, әлеуметтік бағдарламалар, танымдық – ойын-сауық жобалар, жарқын шоулар, өмір тарихы. «Хабар» телеарнасындағы жаңа маусымда 40 шақты жаңа тележоба, «Хабар 24» басты ақпараттық арнасында – 18 және «EL ARNA» арнасында 25 жоба іске қосылды.

ҚАНДАЙ КОНТЕНТТІҢ ДАМУЫ АСА ӨЗЕКТІ?

Біздің халқымыз үшін әрқашан да отбасылық құндылықтар басымдыққа ие болады. Бұл бағытта «Хабар» агенттігі көптеген жобаларды дайындады.

Солардың бірі – «АйнаLINE» тележобасы, ол балаларды тәрбиелеудің, отбасында үйлесімділік пен бейбітшілік орнатудың құпияларын ашады. Жүргізушісі – Нұрбигүл Егізова.

«Хабар» телеарнасында қазіргі заманғы отбасы институтын нығайтуға бағытталған «Өнеге» деректі фильмдер топтамасы басталды. «Өнеге» еліміздің әр өңірінен шыққан үлгілі отбасыларды көрсетеді.

«Үйге көмек» әлеуметтік телебағдарламасын ерекше атап өткім келеді» дейді Берік Уәли. Бұл – көпбалалы отбасыларға, халықтың әлеуметтік осал топтарына көмектесуге арналған бірегей жоба.

«Хабар» телеарнасында шетелдік жобалармен лайықты бәсекеге түсе алатындай жақсы қазақстандық сериалдар бар. «Келінжан» телесериалын ерекше атап өтуге болады. Сериал «Хабар» АҚ тапсырысы бойынша 2018 жылдан бастап түсірілуде және осы уақыт ішінде ол шын мәнінде халықтық сипатқа ие болды. Бұл жобаның бұрын-соңды болмаған жетістігі туралы оның YouTube-тағы рейтингісінен байқауға болады. Трансляция барысында сериал трендтердің бірінші қатарында тұрақты тұрды. Барлық 3 маусымда Күлімхан апа отбасының өмірін 120 миллионнан астам көрермен тамашалады. Сериал қазақстандықтар мен шетелдік көрермендер арасында үлкен сұранысқа ие. Бұл отандық кино өнімі үшін тамаша нәтиже екені сөзсіз. «Келінжанның» төртінші бөлімі осы маусымның ең көп күткен премьерасы болған шығар. Соңғы болып табылатын бұл бөлімде 40 серия ұсынылады. Жаңа маусымда «Хабар» «Келінжаннан» басқа тарихи драмалар, деректі фильмдер мен мелодрамалар көрсететін болады.

ЖАҢАЛЫҚТАРДА НЕ ӨЗГЕРІС БАР?

Жаңалықтар – кез келген телеарнаның басты ақпараттық ресурсы. Өзгерістер жаңалықтар қызметіне де әсер етті. Енді 10 минуттық жаңалықтан кейін көрермендерге аналитикалық ток-шоулар ұсынылады. «Біздің Мақсат» – Мақсат Толықбай жүргізетін қазақ тіліндегі жаңа ток-шоу. Орыс тілінде «Итоги» бағдарламасын Надежда Палинка мен Әділ Сейфуллин жүргізеді. Күн сайын тікелей эфирде беделді сарапшылармен бірге ең маңызды, қызықты және өзекті оқиғалар талқыланады.

Биыл «Хабар» агенттігі қуанышты оқиғаны атап өтеді. Бұл «Хабар 24» телеарнасының 10 жылдығы. Осыдан 10 жыл бұрын 1-қыркүйекте Қазақстанда тәулік бойы ақпараттық телеарна пайда болды. Жаңалықтар мен сараптамалар, еліміздің және әлемнің маңызды оқиғалары, өзекті жобалар, жетекші ньюсмейкерлер – осының барлығы бүгінгі таңда ақпараттық хабар тарату нарығында көшбасшы болып табылатын «Хабар 24».

Арна Қазақстандағы ақпараттық арналар арасында ең ауқымды өңірлік және халықаралық тілшілер желісіне ие. Пандемия мен қаңтардағы оқиғалар кезінде «Хабар 24» арнасының маңызы артты. «Хабар» агенттігі телевизиялық нарықта тек контент ретінде ғана емес, сондай-ақ озық технологияларды игеру мен енгізуде де осы саладағы бірінші болуға ұмтылады. Айрықша атап өтетін нәрсе – «Хабар 24» студиясында оператор роботтар жұмыс істейтін Орталық Азиядағы жалғыз телеарна.

President жобасы – тағы бір жаңа теледидар маусымы. Онда президенттік пулдың жүргізушісі, журналист Әділ Балтабаев апта сайын көрермендерге эксклюзивті кадрлар мен Мемлекет басшысының қызметі туралы ақпарат ұсынады.

– Жаңа телемаусымда мен көп жылдар бойы «Хабар» телеарнасының бренді болған «Бетпе-бет» бағдарламасын жүргіземін, – деді Берік Уәли. Жаңа жоба қыркүйек айының басында басталды және әрбір қазақстандықты толғандыратын мәселелерді талқылау үшін қажетті алаңға айналды. Студияның қонақтары – ведомство басшылары, министрлер, облыстар мен қалалардың әкімдері.

«Хабар» агенттігінің жаңа маусымы басқа да қызықты жобаларға толы. Олар туралы көрермендер телеарнаның сайты мен телеарналардың әлеуметтік желілеріндегі парақшаларынан толық біле алады.

«QAZAQSTAN»-НЫҢ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМЫ

Құрамына 4 республикалық арна, 4 республикалық радио, 14 аймақтық телеарна және 23 интернет портал кіретін «Қазақстан» телерадиокорпорациясының жаңа телемаусымы ресми түрде таныстырылды.

• «Qazaqstan» телеарнасының басты жаңалығы сол – «Qazaqstan» деген брендті одан әрі танымал ету, шетел нарығына шығу.

• Айта кету керек, «Qazaqstan» OTT телеарнасы шетелдерде үздіксіз көрсетіліп тұр.

• Жақын уақытта шетелдегі көрермен үшін, шетелдегі қандастарымыз үшін дәстүрлі эфирлік нұсқасы шығады.

• Жуырда ұлттық арна эфирі Қырғызстанда тарала бастайды.

• «TNS Central Asia» зерттеу компаниясы дерегі бойынша, «Qazaqstan» телеарнасының жалпы аудиториядағы үлесі соңғы үш жылда 70 пайызға өсті.

• Қазақша аудитория бойынша өсу көрсеткіші – 80 пайыз және барлық отандық арналар ішінде алғашқы орында екені қуантады.

• Жаңа маусымда қоғамдық-әлеуметтік бағыттағы «Өмір көркем», интеллектуалдық бағыттағы «Нартәуекел», еңбек иелерін дәріптеуге арналған «Тіршілік» бағдарламасымен толығады.

• Күн сайын тікелей эфирдегі «Aqparat», «Ашық алаң», «1001 түн», «Жедел желі» жобалары жаңа форматта жалғасады.

• «Balapan» телеарнасы 2022 жылы 209 сериядан тұратын 11 анимациялық жоба өндіреді. Одан бөлек, балалардың зияткерлік сайысына құрылған «Білім бәйгесі», «Ең мықты», «Кім тапқыр?!», «Байқа, балақай!», «Күмбір live» бағдарламалары эфирге шығады.

• «Abai tv» телеарнасынан жаңа маусымда «Мұра», «Бірегей», «Би әлемі» және «Поэзия қағанаты» бағдарламасын көрермендер тамашалай бастады.

• «Qazsport» телеарнасы барлық спорт түрінен тікелей трансляция көлемін ұлғайтты. Футболдан Катарда өтетін биылғы әлем чемпионатын көрсету құқығын «Қазақстан» телерадиокорпорациясы иеленді.

Ең басты жаңалықтың бірі – телерадиокорпорация 2022 жылы 171 сериядан тұратын 15 отандық телехикая өндіреді. Оның ішінде қазақ мәдениетінің көрнекті өкілдері Міржақып Дулатұлы мен Мағжан Жұмабаевқа, күйші Дина Нұрпейісоваға, академик, тарихшы-этнограф Әлкей Марғұлан мен түркі әлеміне ортақ аңыз тұлға Қорқыт ата тұлғасына арналған тарихи бағыттағы 5 туынды бар.

• Корпорация құрамына кіретін «Қазақ радиосы, «Шалқар», «Astana» және «Classic» радиолары жалпы саны 105 бағдарламаны жаңа бағытта жалғастырады.

«Қазақстан» телерадиокорпорациясының медиамектебі де жұмысын жалғастырады.

«Қазақстан» РТРК АҚ Басқарма төрайымы Ләззат Танысбай — мықты медиа менеджер екенін дәлелдеген тұлға. Бұл телемаусымда алдымен тікелей эфирдегі түрлі форматтағы бағдарламаларының саны көбейді. Ақпараттарды тез, жедел беру жағынан әлеуметтік желіні басып озбаса да сараптамалы дүниелерді беру жөнінен көрерменнің көңілінен шығып жүр.

Қазіргі уақытта телеканалдың смартфонға арналған қосымшасын 8 млн көрермен үнемі пайдаланып жүрсе, YouTube арналарындағы бағдарламалары бірігіп 30 млн көрсетілім жинап тұрады екен. Барлық дерлік әлеуметтік желілерде тікелей эфирлер жүргізеді. Одан бөлек, айрықша мәні бар мәселелерге арнап телемарафондар өткізу дәстүрін енгізген.

Қазірге дейін Телерадиокорпорацияның телевизиялық өнімдерін Корея, Түркия, Өзбекстан, АҚШ және тағы бірнеше Оңтүстік Америка елдері сатып алған көрінеді. Реэкспансия дәуірі келе жатыр. Биылдан бастап «Qazaqstan» мен «Балапан» арнасы Қырғызстан мен Өзбекстанда көрсетілетін болады.

Шындығында да тележурналист әріптестерім жазғанындай, телеарна, коммуникация құралы ретінде, ешқашан өлмейді. Ол тек заманына сай трансформацияланады. Қазір ол дәл солай процестен өтіп жатыр. Интернет шыққалы бері телеарналардың заманы өтті деп сәуегей болып жүр. Әрбірі – өз алдына дара бірегей ақпараттық-мәдени құрал. Әрқайсысы – жеке-жеке және бәрі бірге ақпараттық, мәдени кеңістікті толтыратын ресурстар. Олар бірін-бірі жою үшін жаралмаған. Керісінше, бір-бірінің мүмкіндіктерін арттырады, өзара толықтырады, байытады, бір-бірінің дамуына ықпалдасады. Телеарна жұмысы – көрермен үшін ететін ауыр мехнаты қызығы мен қиындығы қатар жүретін еңбек. Төгілген тер, жасалған еңбек жемісті болсын дейміз!

№111 (4389) 20/09/2022 Сейсенбі

ТРИЛОГИЯ АРҚАУЫ – КҮРЕСКЕРЛІК РУХ ТАРИХЫ

Ұлттық академиялық кітапханада Кенесары ханның туғанына 220 жыл толуына орай халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы және Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты Әділбек Ыбырайымұлының «Семсер жүзіндегі серт» атты роман-трилогиясының таныстырылымы өтті. Шараны Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты Қайрат Сақ жүргізіп отырды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Әрине, трилогияны бүге-шігесіне дейін оқып, оған көркемдік-идеялық тұрғыдан баға беру қиын. Бірақ бізге жетпей тұрғаны – ұлттық сана мен ұлттық тарихтың қатпар-қатпар жолдары. Жасыратыны жоқ, бізді өз тарихымыздан, тілімізден, ділімізден ажырату үшін ашып, оның көркем тарихын жасауға ерекше еңбек сіңірді, – деген ҰҒА академигі Уәлихан Қалижанұлы Кенесары хан туралы бұған дейін жазылған шығармаларға тоқталып, Мұхтар Әуезовтің «Хан Кене» пьесасын ерекше атап өтті. Әділбек Ыбырайымұлының трилогиясының желісі туралы, шығарма кейіпкерлері – тарихи тұлғалар жайлы әңгімеледі.

қаншама қысым мен қиянат жасалды. Соған қарамастан Ілияс Есенберлин, Әбіш Кекілбаев, Софы Сматаев сынды қаламгерлер қазақ тарихының ақтаңдақ кезеңінің ақиқатын ашып, оның көркем тарихын жасауға ерекше еңбек сіңірді, – деген ҰҒА академигі Уәлихан Қалижанұлы Кенесары хан туралы бұған дейін жазылған шығармаларға тоқталып, Мұхтар Әуезовтің «Хан Кене» пьесасын ерекше атап өтті. Әділбек Ыбырайымұлының трилогиясының желісі туралы, шығарма кейіпкерлері – тарихи тұлғалар жайлы әңгімеледі.

Белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әлібек Асқар қазіргі заманда трилогия жазу үлкен еңбек екенін айта келіп, автор осы еңбегімен қазақ руханиятына зор үлес қосқанын атап өтті.

Түркітанушы ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы, жазушы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова, жазушылар Мәди Айымбетов, Несіп Жүнісбайұлы, Парламент депутаттары Әлімжан Құртаев, Нұртөре Жүсіп, Дархан Мыңбай кітап жайлы пікірін айтты.

Тарихи деректерге қанық шығарма үш-төрт ғасырды қамти отырып, қазақтың басынан кешкен хикметтерді сипаттаған эпопеяға ұласқан. Трилогияның «Арланның азуы» атты бірінші кітабы панорамалық композицияда құрылған. Шығарма Кенесары қазасының кінәсін арқалаған қырғыз Орманбет манаптың шешесіне ас беруімен өрбиді. Кітапта қазақ халқының хандық мемлекетінің туы көтерілгенге дейінгі және одан кейінгі кезеңдер қамтылады.

Романның екінші кітабы «Серт» деп аталады. Оның арқауы – Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы мен жеке тағдыры. Туындыда Кенесары көтерілісінің ерлік даңқы мен трагедиялық тағдыры тарихи-әдеби желі тартып баян етіледі. Сол себептен роман-эпопеяның бас қаһарманы – Кенесары ғана емес, хан кейпіндегі қазақ халқы.

Бірінші кітапта Қазақ хандық мемлекетінің құрылу кезеңі көркем кестеленсе, екінші кітапта соңғы ханы – Кенесарының қаза табуымен бірге шаңырағының құлағанына дейінгі дәуірді қамтыған.

Трилогияның үшінші томы «Рух» деп аталады. Мұнда қазақ елінің патшалық империяның отаршылдығына қарсы күресі және Кенесарының ұлы, мұрагері Сыздық сұлтанның сол күресті жалғастыруы желі тартады. Роман идеясы Қазақ елінің XXI ғасыр қарсаңында тәуелсіздікке жетуі Абылай, Қасым, Кенесары, Сыздық, кешегі Алаш көсемдерінің жанкешті қайраткерлігінің арқасы екендігін аңдатады. Туындының өн бойынан рухты қозғайтын сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік оқиғалар, мінез-құлықтық құбылыстар шынайы және кестелі түрде көрсетіледі.

«Кітапты жазудағы ниет, халыққа ұлттық тарихын көркем әдебиет түрінде ұсыну. Бұл – таза ғылымға негізделген тарих емес, көркем әдебиет, тарих сілемімен жазылған шығарма. Қолжазбаны белгілі адамдарға ұсынып, пікірін біліп отырдым. Олардың қатарында Төлен Әбдік, Жұмабай Шаштайұлы, Шәрбану Бейсенова, ақын Ғұсман Жандыбай, жазушы Мамытбек Қалдыбай, ғалым Дүкен Мәсімханұлы бар. Кітаптың шығуына мемлекет қолдау көрсетті. Тұтастай шығарманың оқырманға бір мезетте жол тартуы үлкен олжа болды. Кітаптың жарыққа шығуына мемлекеттен бөлек белгілі азаматтар да қамқорлық көрсетті. Сөйтіп, үш айда екі мәрте басылып шықты.

Романның «Семсер жүзіндегі серт» деп аталуының себебі, сол кездегі ата-бабаларымыз бүкіл сертін қылыштың жүзін сүйіп бекіткен. Ал Кенесары басы шабылар сәтінде «**Қылша мойным семсердің жүзінде тұрғанда серт етем, орындалмаған арманым – ұрпағыма аманат! Солар рухымды қайта тірілтеді, басқыншылыққа қарсы күресімді қайта жалғастырады! Қазақты осал жұрт демеңдер, жауын алмай қоймайды! Хан Кене құласа да, қазақтың туы жығылмайды! Қазақ түбі тәуелсіздігін алады!**» деп ұрпағына Тәуелсіздік жөнінде аманат қалдырды. Аманат, кие, серт, рух бізді асқақ биіктерге апарады» дейді трилогия авторы Әділбек Ыбырайымұлы.

ЭКСПЕДИЦИЯ ӘСЕРІ ШЕКСІЗ

2022 жылдың 13-17 қыркүйек аралығында Астана қаласы тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен басталған ұлт ұстазы, ұлы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы аясында «Ақаң жүріп өткен жолмен...» атты экспедиция мына бағыт бойынша: Нұр-Сұлтан – Әулиекөл – Қостанай – Арқалық – Бидайық – Торғай – Ақкөл – Арқалық – Астана аралығын жүріп өтті.

Бұл киелі сапар құрамында ахметтанушы ғалымдар, зиялы қауым мен БАҚ өкілдері болды. Оқырман қауымға түсінікті болу үшін сөз басын мәні тереңірек экспедицияның соңғы күнінен бастағанды жөн көрдік. Бұрын Ақаң туған жерде жергілікті атқарушы билікте ұзақ жыл қызмет атқарған Тыныштық Әбдіжамалов есімді ақсақал, ақ түйенің қарны жарылып, кемеңгердің есімі ел арасына алғаш оралған жылдарды есіне алып, осы сапарда жүрген ғалымдарды сол тұста сүйіншілей келген зиялы қауым өкілдерімен салыстырып, анағұрлым айырмашылық көріп тұрғанын айтты.

Ол кезде тарихи дерек пен ғылыми тұжырымға сүйену аз еді, эмоция басым келетін. Бұл жолы тың мәліметтермен толыққан деп түйіндеді.

Бұл сөздің жаны бар еді. Ұзақ жылдар бойғы ахметтану саласындағы ізденістермен бірге, биылдан бастап Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы әлемнің біраз архивтеріне арнайы адам жіберіп, зерттеу жұмыстарын ұйымдастырған.

Экспедиция құрамына сол ғалымдар енді.

Экспедиция шыққан бетте алдын ала белгіленген маршрут бойынша Ақаңның өмірінде ерекше орын алатын:

Әулиекөл ауданына ат басын бұрып, аудан орталығындағы ұлт ұстазының ескерткіш бюстіне гүл шоғын қойып, ұстаз рухына тағзым етті.

Айтпай өтуге болмайтын бір жәйт, жол-жөнекей алапат өрттің салдарынан қарағайлы өңірді күйік шалып, күздің көңілсіз мұнарына оранып тұр...

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде «Ахаң жүріп өткен жолмен...» дөңгелек үстелдің шымылдығы аталған университет ректоры Қуанышбаев Сейітбек Бекенұлының құттықтау сөзімен ашылды.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Жантас Жақып баяндамасында Петербург мұрағатынан табылған, ғылыми айналымға енгізген екі маңызды құжат туралы айтты. Біріншісі, татар Ғалымжан Ибрагимов туралы болса, екіншісі, 1904 жылғы жер бөліміне жазған арыз.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.д. Жандос Смағұловтың айтуынша, Ахаң 327 әдебиет терминін жасаған.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» ҚБ ұйымдастыру және кадр бөлімінің басшысы, тілші-маман Болат Жексенғали қазақ жазуының реформасы төңірегіндегі еңбегін бүгінгі күнмен байланыстыра баяндап, қазіргі кезде тілімізге еніп жатқан жат сөздердің қазақ тілін бұзып жатқаны туралы толғады.

Қазақ даласына Ахмет Байтұрсынұлын берген қасиетті топырақта туып, Ахмет мұрасын жастайынан құлағына құйып өскен, Ахаң туралы төрт кітабы жарық көрген ақын, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.к. Серікбай Оспанов пен Ахмет пен Орынбаев туралы баяндама жасаған А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессор, ф.ғ.д Алмасбек Әбсадықтың және «Көне қазақ тілі және Ахмет Байтұрсынұлының кейбір сөз қолданысындағы ерекшеліктер» тақырыбында баяндама жасаған Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Бекжан Әбдуәлі, Ахмет Байтұрсынұлы Білім академиясының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Ұлан Еркінбайдың баяндамасы тыңдармандар үшін құнды дерек болмақ.

Келесі бағыт Арқалық – Бидайық – Торғайға арналды.

Арқалық қаласының әкімі Әмірхан Асанов құттықтау сөзін сөйлеп, «Ахмет Байтұрсынұлы – Алаштың рухани көсемі» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына сәттілік тіледі.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Бас директоры, белгілі ғалым Ербол Тілешов «Ахмет Байтұрсынұлы және ұлт өркениеті» деген тақырыпта баяндама жасады. «Ақаң қазақ халқының қолына мәңгілік екі қару ұстатып кеткен ұлы тұлға. Орыс халқының қаншама ғалымдары еңбектеніп, 180 жылда тіл ғылымын жасаған болса, ол абақты мен айдауда жүріп, жалғыз өзі он бес жылдың жүзінде қазақ әліпбиін, жазу емлесін жасап, қазақ тілінің ғылыми сипаттамасын дәлелдеп берді. Жазу болғасын қазақ топырағында ғылым, театр мен әдебиет пайда болды. Екіншісі, сол қаруды қалай пайдалануды үйретті. Ол – әдіснама. Бұндай жанкештілік пен ұлы еңбек әлем тарихында сирек», – деді Ербол Ердембекұлы.

Орталық шығарып жатқан ұлт ұстазының қазақ, орыс, түрік және ағылшын тіліндегі таңдамалы шығармаларын тілге тиек етіп, күні бүгін жарық көрген біраз кітаптарды аудандық музей кешенінің басшысы Гүлбану Сәрсекейге табыс етті. Гүлбану Құлетқызының осы саладағы еңбегі қасиетті Торғай жеріне қадам басқан кезден бастап жарқырай көрінеді екен.

Экспедиция мүшелері Сарытүбектегі ұлт ұстазының кесенесіне барып, ұлы тұлғаның кіндік қаны тамған жердегі ауыл тұрғындарымен кездесті.

Бұл шоқтығы биік шараның төрт күн бойы басы-қасында жүрген Астана қалалық тілдерді дамыту басқармасының жауапты маманы Гауһар Арыстанқызы өзіне жүктелген міндетті жоғары деңгейде атқарып шықты.

Экспедиция түйіні ретінде жарық көрген жинақ ахметтанушылар үшін үлкен көмекші құрал болмақшы. Ахмет Байтұрсынұлы жүріп өткен жол – өткеннің таптаурын соқпақ-сүрлеуі емес, ол болашаққа бастайтын баспалдақ!

Ақаңа құрмет – Алашқа тағзым!

Алашты ардақтау – қазаққа қызмет жасау!

Дәулеткерей ҚҰСАЙЫНОВ,
экспедиция мүшесі.
Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒП орталығының басқарма басшысы

ҚАРТТАРЫМ, АМАН САУ ЖҮРШІ!

Дүние жүзінде Халықаралық қарттар күні жыл сайын 1-қазанда атап өтетінін білесіздер. Осы айтулы мерекеде біз абзал аталарымыз бен аяулы ақ жаулықты әжелерімізді, ата-аналарымызды құрметтеп, сый-сыяпат жасаймыз. Сонымен қатар аталған бұл мереке дүние жүзін жайлаған қауіпті індетке байланысты егде адамдардың тұрмыстық жағдайларын қолдауға, олардың денсаулығына назар аударуға ерекше көңіл бөлуде.

Қарттар күні – тек қана алдыңғы бүгінгі ұрпаққа ғана маңызды емес, сондай-ақ әрбір азаматқа да ой салары үлкен шара. Себебі әрбір қарияға қолдау көрсетіп, жағдайларын жақсартуға бағытталған маңызды шара болғандықтан, оны мереке ретінде өткізуді жоспарладық.

Жасының егде тартуына, денсаулығының сыр беруіне байланысты қарттардың көптеген шешілмеген мәселелері туындайтынын білесіздер, сондықтан оларға қолдау көрсету туған-туыстары мен барша қоғамның міндеті.

Астана қаласында жылда Қарттар күні кең ауқымда өткізіледі.

Қалалық Ардагерлер кеңесі өкілетті, атқарушы органдарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылымдарының өкілдерін, еріктілерді, қоғамдық ұйымдарды Қарттар мерекесі қарсаңында және сол күндері егде жастағы азаматтарға, әсіресе мүгедек ардагерлерге, жеке тұратын зейнеткерлерге, аз қамтылған қарттарға арнайы көңіл бөлуге шақырады. Оларға материалдық тұрғыдан көмек көрсетуге, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуге және басқа да қолдау көрсетуді үйлестіріп келеміз.

Құрметті еңбек ұжымдарының басшылары, бизнес құрылымдарының өкілдері, сіздерді бүкіл өмірі мен еңбек жолдарын біздің сүйікті қаламыздың көркеюіне қомақты үлес қосқан ардагерлерге қолдау көрсетуге шақырамыз!

Әсіресе әлеуметтік – тұрмыстық және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге көмек етсеңіздер екен. Бірде-бір қарт жалғыз қалмасын.

Құрметті аға буын өкілдері, соғыс және еңбек ардагерлері! Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отыра, адал да ерен еңбектеріңіз үшін, жастарға жасаған қамқорлықтарыңыз үшін алғыс айтамыз!

Сіздерді мейірімді де жарқын мерекемен құттықтаймыз. Егде жасыңыз қиындық тудырмасын, денсаулықтарыңыз сыр бермесін, ұрпақтарыңыз Сіздерді мақтан тұтсын!

Сіздерге бақытты да баянды өмір, шаңырақтарыңызға құт-береке тілейміз және туған-туыстарыңыз бен жақындарыңыздың ыстық ықыласы мен жүрек жылуына бөлене беріңіздер!

Астана қаласының Ардагерлер кеңесі

Астана қаласы тұрғындарының және қалалық мәслихаттың жетінші сайланымының депутаттарының назарына!

2022 жылғы 22 қыркүйекте сағат 10:00 Астана қаласы мәслихатының жетінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. «Нұр-Сұлтан қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 114/16-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. «Нұр-Сұлтан қаласын 2030 жылға дейінгі жылумен жабдықтау схемасын бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы №475/60-VI шешіміне толықтыру енгізу туралы.

3. «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы №373/47-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

4. «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылға арналған жұмыс жоспары туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 желтоқсандағы №118/16-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Е. КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының хатшысы

#КЕРЕККЕҢЕС

САНАТОРЛЫҚ-КУРОРТТЫҚ ЖОЛДАМА ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

Цифрландыру бүгінде адам өмірінің барлық салаларына әсер етуде. Бұл ретте әлеуметтік сала да сырт қалған жоқ. Мысалы, Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы қала тұрғындарына әлеуметтік қызметтер порталы арқылы https://aleumet.egov.kz/ мүгедектігі бар адамдарға тікелей жеткізушілерден оңалту құралдары мен қызметтерін өз бетінше сатып алу, сондай-ақ өзін толғандырған сұрақтарды қою мүмкіндігі берілетінін еске салады.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен мүгедек балаларға санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларына қатысты өзекті мәселелер мен оларға қатысты туындаған сұрақтарға жауаптарды біздің «Керек кеңес» айдарынан оқи аласыздар.

Жолдаманы сатып алу үшін мүмкіндігі шектеулі адаммен бірге еріп жүретін тұлғаға ақша бөліне ме?

Жоқ, жолдамалар тек ЖОБ – жеке оңалту бағдарламасына сәйкес мүгедек адамдарға ғана бөлінеді.

Порталда мүмкіндігі шектеулі адаммен бірге еріп жүруші үшін екінші жолдаманы бірден сатып алуға бола ма?

Жоқ, порталда мүгедек адаммен бірге еріп жүруші үшін екінші жолдаманы сатып алу мүмкіндігі қарастырылмаған. Бірақ сүйемелдеуші билетті тікелей жеткізушіден сатып ала алады.

Мен шипажайға барудан қанша күн бұрын бас тартып, басқасын таңдай аламын?

Келу басталғанға дейін үш күннен кешіктірмей және тек дәлелді себептермен ғана бас тарта аласыз. Егер сіз келуден үш күн бұрын бас тартсаңыз, билетіңіз күйіп кетеді.

Қосымша төлем сомасын қашан төлеу керек?

Қосымша төлем сомасы демалыс орынына келген кезде төленуі керек.

Егер мүмкіндігі шектеулі адам өз бетінше жүріп-тұруға қабілетсіз болса, неге онымен бірге еріп жүрушіге жолдама берілмейді?

Себебі мүмкіндігі шектеулі азаматтарды санаторлық-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге медициналық қарсы көрсетілімдер бұйрықпен бекітілген. Егер мүмкіндігі шектеулі азаматтың өз бетінше қозғала алмайтын және үнемі сыртқы күтімді қажет ететін аурулары болса, бұл жағдайда ондай адамдарға жолдама берілмейді.

Демалыс орындарында сурдоаудармашылардың болуын міндеттеуге бола ма?

Министрліктің шипажайларды штатта сурдоаудармашыларының болуы керектігіне міндеттеуге құқығы жоқ. Бұл ретте, санаторлық-курорттық емделуге тапсырыс беру кезінде көрсетілетін қызметті алушының осы мәселені нақтылау үшін (немесе шипажайдың және онда көрсетілетін барлық қызметтердің сипаттамасымен порталда танысу үшін) демалыс орнымен байланысу мүмкіндігі бар.

Шипажайлар санаторлық-курорттық емдеу қызметін ұсынудан себепсіз бас тарта ала ма?

Жоқ, бұл ретте емдеу қызметін ұсынудан бас тартудың негізделген себептері болуы керек. Санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларының жобасында көрсетілгендей, өнім беруші бес жұмыс күні ішінде келіп түскен тапсырыстарды қарайды және көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне себебін көрсете отырып, тапсырысты қабылдау туралы хабарламаны немесе қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды жолдайды.

Санаторлық-курорттық емделуден бас тарту себептері қандай болуы мүмкін?

– егер көрсетілетін қызметті алушы санаторлық-курорттық ұйымның контингентіне жатпаса;

– бір төсек-орынға бірнеше тапсырыстарды бір мезгілде қабылдау;

– өнім берушілер тізілімінен (тізілімінен) алып тастауға өтініш беру.

Мен шипажайға барудан қанша күн бұрын бас тартып, басқасын таңдай аламын? Осы кезеңде мен басқа шипажайға бара аламын ба?

Мүмкіндігі шектеулі жандарға және мүгедек балаларға санаторлық-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларының 31-тармағына сәйкес жолдаманы белгілі бір себептер (қайтыс болу, науқастану және қалалық басқарма мен жұмыспен қамту бөлімі дәлелді деп таныған басқа да адамдар) бойынша пайдалану мүмкін болмаған жағдайда, ол қалалық басқармаға, жұмыспен қамту бөліміне қайтарылуға және кезектілік тәртібімен басқа адамға берілуі тиіс. Жолдама дәлелді себептермен пайдаланылмаған жағдайда берілген жолдама мүмкіндігінше келу кестесіне сәйкес басқа кезеңнің жолдамасына ауыстырылады, бірақ айырбастауға жататын жолдамада көрсетілген келу мерзімі басталғанға дейін үш күннен кешіктірілмей беріледі.

Әлеуметтік қызметтер порталының мақсаты – мүгедек адамдардың тікелей жеткізушілермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Портал 5 процесті цифрлауды көздейді, бұл:

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;

оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету;

ымдау тілі маманының қызметтерін көрсету;

жеке көмекшінің қызметін көрсету;

санаторлық-курорттық емдеу қызметтерін көрсету.

Мемлекет тарапынан оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерінің құнын өтеу тетігі көзделеді. Портал қосымша тұтынушы қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдаған кезде қосымша ақы төлеу мүмкіндігін қарастырады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар және олардың филиалдары порталда тауарларды, жұмыстарды және (немесе) қызметтерді жеткізушілер бола алады.

Порталда мынадай жеткізушілер тіркеле алады:

– салықтық берешегі және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ;

– банкроттық не тарату рәсіміне жатпайтын;

– мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілмеген;

– міндетті сертификаттауға жататын тауарларды жеткізу кезінде сәйкестік сертификаты бар;

– медициналық бұйымдарды жеткізу кезінде тіркеу куәлігі бар;

– тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сату үшін баға ұсынған жеткізушілер порталда тіркеле алады.

Барлық қажетті кеңестерді «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығындағы мына телефондарға қоңырау шалу арқылы алуға болады:

колл-орталық 27-86-49,

Бейбітшілік көшесі, 14

@@жанұя.nursultan

8-705-645-06-71 8-705-645-06-53

8-705-645-06-92 8-705-645-06-38

55-69-90, 55-68-22, 55-68-34

Портал пайдаланушылары үшін 1414 нөмірі бойынша call-орталық жұмыс істейді.

№111 (4389) 20/09/2022 Сейсенбі

КҮЛӘШТІҢ РЕПЕРТУАРЫН ҚАМТЫДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының Қазақ оркестрі XXVI концерттік маусым шымылдығын қазақтың аты аңызға айналған күміс көмей әншісі Күләш Байсейітованың 110 жылдығына арналған «Бұлбұл» атты концертімен ашты.

24 жасында КСРО халық әртісі атанған Күләш Байсейітова – қазақ операсының негізін салушылардың бірі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Оның өнердегі орны тарихқа алтын әріппен жазылды. Бұлбұл әнші бала кезінен халық әндерін тамаша орындаумен, бойындағы әртістік шеберлігімен көзге түсе бастады. Қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырында «Қазақтың бұлбұлы» атанған талантты әнші бүгінгі күні ел аузында қалған аңыз тұлғаның бірі.

Ол қазақстандық және шетелдік операда сан-қырлы образдарды сомдады. Соның ішінде Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында Жібектің, Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсында Ажар бейнесін, Петр Чайковскийдің «Евгений Онегин», Джакома Пуччиндің «Чио-Чио сан» операсында басты рөлдерді ойнады. Осы рөлдер арқылы Күләш Байсейітова көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

– Бұлбұл әнші 1936 жылы қазақ мәдениетінің он күндігін өткізу үшін еліміздің өнерпаздарымен бірге Мәскеуге аттанады. Оның орындаушылық шеберлігі өте жоғары бағаланып, жезтаңдай әншіміз көптің қошеметіне бөленген болатын. Концертімізді «Бұлбұл» деп атауымыз бекер емес, себебі әсем үнді Күләш қалың жұртшылыққа «Бұлбұл» есімімен таңылған еді.

Оның репертуары өте кең және бай. Бір концерт бағдарламасында барлық репертуарды орындау мүмкін емес. Ол күй анасы Дина шешеймен өте жақсы қарым-қатынаста болған. Сол себептен концерт бағдарламасы Динаның «Әсем қоңыр» күйін енгіздік, – дейді Қазақ оркестрінің көркемдік жетекшісі-бас дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымов.

Сонымен қатар Жамбыл Жамбаевтың «Күләшқа» әні, Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсынан «Гәкку», Латиф Хамидидің «Қазақ вальсі» мен «Бұлбұл», Мұқан Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсынан айтыс, «Абай» операсынан Ажар ариясы, «Қыз Жібек» операсынан «Шегенің термесі» орындалды.

Күләш Байсейітова Құрманғазы оркестрімен тығыз байланыста еді. Олар алғашқы гастрольдік сапарларға бірге барған. Соны ескере отырып, Құрманғазының «Сарыарқа» күйімен концерт аяқталды.

Концертте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Арайлым Рахымқызы, Светлана Айтбаева, Сүндет Байғожин, Бибігүл Жанұзақ, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Алтынбек Әбілда, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Феруза Рахметова, Әйгерім Аманжолова, Әйгерім Ораз, Талғат Аллабиринов, Ботагөз Тәшімова өнер көрсетті.

БОЗОҚТА – «АБАЙ» КІТАБЫ

Елордадағы «Бозоқ» музей-қорығының кітапханасы сирек кітаппен толықты. Бұл – қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романының қазақ тіліндегі алғашқы даналарының бірі.

Музейге келіп түскен «Абай» кітабы – 1953 жылы жарық көрген романның екінші бөлімі. Басылымның бірінші бетінде авторға КСРО Министрлер кеңесінің шешімімен бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлық берілгені айтылған.

Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы Қазақстанда ғана емес, одан тыс жерлерде де кеңінен танымал. Кітап төрт кітаптан тұрады. Бастапқыда автор «Абай» романының бірінші бөлімін, ал келесі екеуін «Абай жолы» деп атауды жоспарлаған. Бірақ романмен жұмыс аяқталғаннан кейін оларға «Абай жолы» деген бірыңғай атау беру туралы шешім қабылданды.

«Абай жолы» эпопеясының тарихи-әдеби мәні – Мұхтар Әуезов ұлы қазақ ақынын мәңгі есте қалдырып, оның ұлы, өмірлік шындыққа толы бейнесін жасап, Абай поэзиясы мен оның мұраттарының қазіргі заманмен үндестігін көрсетті.

Эпопея шынайы халық шығармасына айналды. Онда қазақ ұлттық мінезінің қалыптасуының ең терең үдерістері байқалады, жарқын болашақтың кепілі болған бай рухани күштері көрсетілді.

Әлемге әйгілі «Абай» романының сирек басылымымен «Бозоқ» музей-қорығында танысуға болады.

Дайындаған: **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ШАБАНДОЗ ДА, ҚАЗАНАТ ТА СЫНАЛАДЫ

Amanat партиясының қолдауымен, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі және The Great Steppe Tour қоғамдық қоры, Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының ұйымдастыруымен «Ұлы дала жорығы» республикалық марафон-бәйге басталды.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Amanat партиясының төрағасы Ерлан Қошанов салтанатты рәсімге қатысып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзін оқып берді.

– Біздің бабаларымыз Ұлы дала шежіресін тұлпардың тұяғымен жазған. Бүгінгі ұрпақ – сол көшпенділер мәдениетінің заңды мұрагері. Шын мәнінде, қазақ пен жылқы – егіз ұғым. Арғымақ атты халқымыздың символы деуге болады. Біз қазіргі заманның жақсы қасиеттерін бойға сіңіре отырып, ұлттық болмысымызды жаңғыртуға тиіспіз. Бүгінгі бәйгенің басты мақсаты – осы. Әр өңірден келген шабандоздар кең-байтақ қазақ даласын көктей өтіп, қасиетті Түркістан қаласына ат басын тірейді. Бұл – нағыз азаматтар мен қазанаттар сыналатын дода. Сондай-ақ елімізге рухани серпіліс әкеліп, жастарды отаншылдыққа баулитын бірегей жоба, – делінген құттықтауда.

Ашылу салтанатына Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Астана қаласының әкімі Алтай Көлгінов, Парламент депутаттары мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Әлемдік тәжірибеде теңдесі жоқ бұл марафон шабандоз мәдениетін Қазақстан бренді ретінде қалыптастыруға негіз болады. Ұлы Дала елінің байырғы тұрғындары жылқыны құрықтап, алғаш тақымына басқаны әлемге белгілі. Анығын айтқанда, Ботай қонысын зерттеуші ғалымдар осындай тұжырым жасады. Жылқыны қолға үйретумен қатар, оның үстінде еркін отырып, қозғалуға қажетті киімді және тақымды мықтайтын тоқым мен ерді өндіріске енгізіп, көшпенділер арасында ат әбзелдері: ер-тоқым, өмілдірік, құйысқан, үзеңгі, айыл, пыстан, жүген, ноқта, көпшік, шылбыр, қамшы және т.б. жасайтын шеберлердің қол жұмысына сұраныс артты. Жауынгер ата-бабаларымыз Алтайдан Каспийге, Арқадан Сырға дейін талай рет көш түзеп, ат ауыстырып, бір айлық жерде ондаған күнде бағындырып отырды ғой! «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінің түпкі идеясы осыған саяды.

29 қыркүйекте марафоншылар Түркістан қаласына келеді. Оған дейін 1200 шақырымдық жолды бағындырып, Ақмола, Қарағанды, Ұлытау, Қызылорда облысын басып өтеді.

Марафон 100 шақырымдық 12 сатыға бөлінген. Елдің әрбір өңірінен марафонға 1 командадан қатысады. Марафонға қатысушыларға Ұлы Дала рухын сезінуге және түрік дүниесінің киелі жерлері – Жошы хан, Алаша хан кесенелері, сондай-ақ Қазақ хандығының алғашқы астанасы Созақ қаласы пен түркі руханиятының бесігі Түркістан қаласы сияқты тарихи орындарға зиярат жасауға мүмкіндік туады.

Түркістан қаласына ең қысқа уақыт ішінде жеткен команда мүшелері бас жүлде – «Ұлы дала сарбазы» атағы мен 30000000 теңге көлеміндегі жүлдемен марапатталады. II және III орын иегерлері сәйкесінше, 20000000 теңге және 15000000 теңге жүлдені қанжығасына байлайды.

Жарыс барысында барлық қатысушылар демалыс орны, азық-түлікпен және қажет медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі.

Ұйымдастырушылардың сөзінше, ветеринарлар бәйгеге қосылған жүйріктерді 50 шақырым сайын жайын бақылып, тексеріп кінәрат байқаса, жарыс жолынан шығарады.

Қысқасы, 1200 шақырымды 12 күнде бағындыруы тиіс аламан бәйгеде шабандоз да, қазанат та сыналады.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №111

Баспахана: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «KOMEK INV» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**